1980–2000 жылдары археологиялық зерттеулер жаңа қарқын алды. Бұл кезеңде Ж.Құрманқұлов, А.М. Ермоленко, Т.Н. Самашев, Қ.М. Байпаков сынды ғалымдар аймақтың ерте темір және ортағасырлық кезең ескерткіштерін зерттеуге үлес қосты (Кадырбаев, Құрманқұлов, 1992; Ермоленко, 2004; Ермоленко, 2013). Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде түркі дәуіріне жататын ғұрыптық кешендер, тас мүсіндер мен ескі қорымдар ғылыми айналымға енді.

Тәуелсіздік жылдары археологиялық зерттеулер жаңа сапалық деңгейге көтерілді. 2000 жылдан бастап Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті және Сарыарқа археологиялық институты заманауи әдістер (георадарлық барлау, 3D-модельдеу, GIS технологиялар) негізінде зерттеу жұмыстарын жалғастыруда (e-history.kz...). Бұл кезеңде Нұраталды, Талды, Дария, Қаражартас, Бапы, Табылды, Сеңкібай, Үңірек сияқты жаңа ескерткіштер анықталып, Шет өңірінің археологиялық картасы толықтырылды (Археологическая карта... 2018).

Жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде Шет өңірі Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде танылды. Археологиялық олжалар мен қазба материалдары аймақтың бай тарихи-мәдени мұрасының айқын дәлелі болып табылады және оны сақтау мен қорғау ісінің ғылыми негізін қалыптастырды.

Шет өңірінің археологиялық зерттелу тарихы бірнеше кезеңнен тұрады. XVIII–XIX ғғ. алғашқы зерттеулер барлау сипатында мәліметтер жинақтаумен шектелген болса, Кеңес үкіметі тұсындағы 1940–1980 жж. зерттеулер археология ғылым саласының дәстүрлі зерттеу әдісі негізінде жүргізілді. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі зерттеулер археология ғылым саласының дәстүрлі зерттеу әдістері мен пәнаралық заманауи ғылыми зерттеу әдістерімен жүргізіле бастады. Бұл кезеңдердің барлығы аймақтың археологиялық ландшафтын анықтауға, мәдени мұраларды жүйелеуге және тарихи сабақтастықты дәлелдеуге зор үлес қосты. Бұл зерттеу нәтижелері келесі бөлімде қарастырылатын ортағасырлық археологиялық ескерткіштердің сипаттамасын талдауға негіз болады.


Зерттеу материалдары мен әдістері

Қаражартас қорымы Қарағанды облысы, Шет ауданы, Байбала ауылының оңтүстік-шығысында 7,8 шақырым қашықтықта, Талды өзенінің сол жағасында, биік терассада, электр желісінің сол қапталында орналасқан. Географиялық координаты: N 49°05'26.0015 E 74°08'02.2307, теңіз деңгейінен биіктігі – 234.000 м (карта 1). Зерттеу жұмыстарымыздың барысында жергілікті тұрғындар бұл жерді Ақшоққы даласы деп атайтындығы белгілі болды.

Талды, Байкасқа және Ақбастау өзендері Ақшоққы даласының Шет ауданының суы мол, мал шаруашылығына ыңғайлы аймақтардың бірі болғанын дәлелдейді. Аталмыш өзендердің бойы мал шаруашылығы қатар егін шаруашылығымен қатар дамыған, әрі суы мол өзен бойлары түрлі жануарлар фаунасы да болғаны анық. Осы себепті бұл өңірде адамзат баласы ежелгі дәуірлерде қоныстанып, алғашқы мәдениеттердің қалыптасуына негіз болған.

Қазба жұмыстарына дейін Қаражартас 6 ортағасырлық қорымының маңайында бір қатар барлау жұмыстары жүргізілді. Барлау жұмыстарының нәтижесінде Қорымның орталық бөлігін шығысқа бағытталған тас үйінді мұртты оба орналасқандығы анықталды. Доға тәрізді мұрттарының ұзындығы 90 м-ге дейін және ені шамамен 1 м-ді құрайды. Жерлеу алаңында қарағанмен қатты өскен тағы 8 тас үйінділі оба және қорымның шығыс бөлігінде түркі кезеңіне тиесілі тас мүсіні бар қоршаулы жерлеу орны орналасқан. Аталмыш ескерткіш орнында Кеңес

үкіміті тұсында археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізіліп, қорымның орталық бөлігіндегі үлкен обада қазба жұмыстары жүргізілген. Қазба жұмысы барысында обаның орталық бөлігін оңтүстік шығыс солтүстік батыс бағытында кесік салғандығы айқын көрініп тұр. Дрон арқылы қорымның әуеден суреттері түсіріліп талдау жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде қорымдағы жерлеу орындардың оңтүстіктен солтүстікке бағыттала шашыраңқы түрде орналасқандығы айқындалды. Бұл үстіміздегі жылы алынған тың дерек болып табылады. Барлау жұмыстарынан кейін ескерткіштің орналасу картасы дайындалды.



Карта 1. Ақкезең кешені

Бұл жұмыстардан кейін ескерткіш орнында DJI Phantom дроны Pix4Dcapture бағдарламасы арқылы ұшырылып қорымның суреттері түсірілді де цифрлік деректері жинақталды. Бұл деректер Agisoft PhotoScan Professional бағдарламасы арқылы өңделіп қалашықтың ортофотосы дайындалды. Қосымша қалашықтың топографиялық деректерін толықтыру мақсатында DJI Mavic дроны және South PTK базасы арқылы қорымның цифрлік деректері алынды.

Нәтижелер және талқылау

2025 жылы жүргізілген зерттеу жұмыстары барысында Қаражартас қорымындағы 1 обада археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Қазба жұмысы обалардың құрылымдық ерекшелігін, мерзімін, қаңқалардың морфологиялық ерекшеліктерін, жынысын, жасын анықтау мақсатында жүргізілді.

Оба қорымның оңтүстік батыс бөлігінде, мұртты обаның батыс бөлігінде 230 м қашықтықта орналасқан. Оба үйіндісінің биіктігі 0,5 м болса, диаметрі шығыс батыс бағытында 8,5 м, оңтүстік солтүстік бағытында 5,5 м. Сопақ пішінді оба үйіндісінің үсті тегіс болып келіде. Зерттеу жұмыстары барысында оба үйіндісінің орталық бөлігінде ірілі-ұсақты тау тастарын орналастырып, оның сыртына айналдыра топрақ үйілгендігі белгілі болды.

Оба үйіндісі астындағы қабір шұқырының бетін таспен жабу дәстүрін Жетісу аймағындағы Бесшатыр, Жуантөбе және Қарашоқы қорымдарындағы обалардан және т.б. обалардан кездестіруге болады (Байпаков, Таймагамбетов, 2009). Бұл оба екі секторға бөліп қазу әдісі таңдалды (Сурет 1). Қазба жұмыстары барысында шығыс батыс бағытында салынған 0,5 м жалдың астынан бір жерлеу орны және обаның А секторынан екінші жерлеу орны анықталды. Жерлеу орындар шартты түрде №1 және №2 жерлеу орындар болып белгіленді (Сурет 2; Сызба 1; Сызба 2).




Сурет 1. Қаражартас қорымы, №1 обаның көрінісі




Сурет 2. Қаражартас қорымы, №1 обаның ашылу барысынан көрінісі

№1 жерлеу орны. Жерлеу орны оба үйіндісінің солтүстік бөлігінде орналасқан. Шығыстан – батысқа бағыттала орналасқан сопақ пішінді жерлеу орнының үсті 0,4 м қалыңдықта тау тастарымен жабылған. Тау тастарымен жабылған жерлеу орнының ұзындығы 3,95 м, ені болса 2,2 м. Жерлеу орнын айналдыра ірі көлемді тау тастарын оналастырып оның ішін ұсақ тау тастармен толтырылған. Жерлеу орнының солтүстік бөлігінен бір қатар ұзына бойы қаланған қам кірпіш қаланды анықталды. Кірпіш қаландының ұзындығы 2,5 м. Кірпіштердің көлемі 50x25x12 см. Кірпіш қаландының солтүстік шығыс бұрышында 0,2 м қашықтықта бір – біріне іргелес екі тау тасы орналасқан. Тау тастарының көлемдері 30x20x8 см. Жерлеу орнының үстіндегі тау тастарын алу барысында реперлік нүктеден 0,40 м тереңдіктен жерлеу орнының бетін жапқан тақта тастар анықталды.



Сызба 1. Қаражартас б ортағасырлық қорымы, №1 оба



Сызба 2. Қаражартас б ортағасырлық қорымы, №1 оба, №1 жерлеу орны

Тақта таспен жабылған алаңның көлемі 2,9x1,2 м (Сызба 1). Оңтүст солтүстік бағытында 5 тақта тас орналасқан. Тақта тастардың көлемдері 1,28x0,5x0,1 – 0,7x0,6x0,1 м. жерлеу орнының бетін жапқан тақта тастарды тазалау дарысында жерлеу орнының орталық бөлігіндегі тақта тастың оңтүстік бөлігі төмен қарай құлағандығы белгілі болды. Тақта тастар толық тазаланып, суретке түсіру, өлшемдерін алу жұмыстары жүргізіліп, толық

фиксацияланып, қабір шұңқырын ашу мақсатында толық алынып тасталды. Қабір шұңқырының пішімі төрт бұрышты, бұрыштары дұмаланып келуде. Қабір шұңқырының ұзындығы 2,1 м, ені 0,6 м, тереңдігі болса 1,1 м. Қазақтың жерлеу ғұрпы жайында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізген С.Ажигали, осындай үлгіде жасалған қабірлерді «жарма көр» деп атаған (Ажигали, 2005). Адамды жарма жасап көму дәстүрінің тарихына көз жүгүртер болсақ, бұл дәстүрдің сонау қола дәуірінен бастап ортағасырларға дейін жалғасын тапқандығын байқаймыз. Батыс Қазақстан аймағында орналасқан Кресті (Кушаев, 1988) және Тәңірберген II қорымдарындағы (Ткачев, 2007) обалардан анықталған аталмыш үлгіде жасалған қабірлер, бұл дәстүрдің сонау қола дәуірінен бастап қолданылып келе жатқандығына дәлел болуда. Тазалау жұмыстары барысында қабір шұңқырының жоғарғы бөлігінің кең, төмен қарай тарыла бастағандығы анықталды. Қабір шұңқырының ішіндегі бос топырақты тазалау барысында реперлік нүктеден 1,7 м тереңдіктен бастапқы қалпында (*in situ*) сақталған адам қаңқасы анықталды (Сызба 2). Қаңқа анатомиялық тәтіппен жатқызылған – шалқасынан жатқызылып, басы батысқа бағытталып, жүзі жоғарыға қаратылған, екі қолы жамбас сүйегінің үстіне орналастырылған, екі аяғы тігінен ұзына бойы орналасқан (Сурет 3; Сурет 4).



Сурет 3. Қаражартас қорымы, №1 оба, №1 жерлеу орны



Сурет 4. Қаражартас қорымы, №1 оба, №1 жерлеу орны

№2 жерлеу орны. Жерлеу орны оба үйіндісінің оңтүстік бөлігінде, №1 жерлеу орнының оңтүстігінде 1 м қашықтықта орналасқан. Оңтүстік шығыстан – солтүстік батысқа бағыттала орналасқан сопақ пішінді жерлеу орнының үсті 0,3 м қалыңдықта тау тастарымен жабылған. Тау тастарымен жабылған жерлеу орнының ұзындығы 3,45 м, ені болса 1,7 м (Сызба 3). Жерлеу орнын айналдыра ірі көлемді тау тастарын орналастырып оның ішін ұсақ тау тастармен толтырылған. Жерлеу орнының оңтүстік батыс бөлігіндегі тау тастары алынған. Жерлеу орнының үстіндегі тау тастарын алу барысында реперлік нүктеден 0,30 м тереңдіктен жерлеу орнының бетін жапқан тақта тастар анықталды (Сурет 5). Тақта таспен жабылған алаңның көлемі 2,6x1,9 м. Жерлеу орнының үсті 4 тақта таспен жабылған. Тақта тастардың көлемдері 0,75x0,6x0,5 – 0,55x0,35x0,15 м. Жерлеу орнының бетін жапқан тақта тастарды тазалау барысында жерлеу орнының орталық бөлігіндегі тақта тастың алынғандығы белгілі болды. Тақта тастар толық тазаланып, суретке түсіру, өлшемдерін алу жұмыстары жүргізіліп, толық фиксацияланып, қабір шұңқырын ашу мақсатында толық алынып тасталды. Қабір шұңқырының пішімі төрт бұрышты, бұрыштары домаланып келуде. Қабір шұңқырының ұзындығы 2 м, ені 0,6 м, тереңдігі болса 1,3 м. Тазалау жұмыстары барысында қабір шұңқырының жоғарғы бөлігінің кең, төмен қарай тарыла бастағандығы анықталды. Қабір шұңқырының ішіндегі бос топырақты тазалау барысында реперлік нүктеден 1,9 м тереңдіктен бастапқы қалпында (*in situ*) сақталған адам қаңқасы анықталды (Сызба 4). Қаңқа анатомиялық тәтіппен жатқызылған – шалқасынан жатқызылып, басы солтүстік батысқа бағытталып, жүзі оңтүстікке қаратылған, екі қолы және екі аяғы тігінен ұзына бойы орналасқан (Сурет 6).




Сурет 5. Қаражартас қорымы, №1 оба, №2 жерлеу орнының ашылу барысынан көрінісі



Сурет 6. Қаражартас қорымы, №1 оба, №2 жерлеу орны



Сызба 3. Қаражартас қорымы, №1 оба



Сызба 4. Қаражартас 6 ортағасырлық қорымы, №1 оба, №2 жерлеу орны

Қаражартас 6 ортағасырлық қорымынан табылған қаңқаларды камералдық өңдеу және саралау жұмыстары Астана қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі, Мәдени мұраны ғылыми-зерттеу институты, антропологиялық зертханасының базасында жүргізілді. Антропологиялық материалдардың сақталу деңгейі орташа.

Зерттеу жұмыстарының мақсаты

- қаңқа қалдықтары арқылы адамның жасы мен жынысын және де олардың морфологиялық ерекшеліктерін анықтау және зерттеу.

Міндеттер:

- нашар сақталған антропологиялық материалды қалпына келтіру;
- краниометриялық және остеометриялық өлшемдер жүргізу;
- жеке сипаттамалары бар кестелер құру;
- қаңқадағы патологиялық ауытқулар мен жарақаттық зақымдануларды анықтау (болған жағдайда);
- қаңқа материалдарын фотофиксациялау;
- антропологиялық рубрикацияларға сәйкес бас сүйектер мен посткраниальды қаңқалардың морфологиялық сипаттамаларын жасау;
- қаңқа пропорциялары мен дене ұзындығының көрсеткіштерін реконструкциялау.

Материал және әдістер. Қаражартас 6 ортағасырлық қорымының обаларынан табылған адамдардың қаңқа қалдықтары краниометриялық және остеометриялық бағдарламалар бойынша өңделді (Алексеев, 1964; Алексеев, 1966). Дене ұзындығының физикалық көрсеткішін реконструкциялау К.Пирсон мен А.Ли және де С.Дюпертюи мен Д.Хэдден

формулалары арқылы жүзеге асырылды. Посткраниальды қаңқа параметрлерін бағалау бірнеше рубрикациялардың көмегімен жасалды (Пежемский, 2011).

Қаражартас 6 ортағасырлық қорымы, №1 жерлеу орнынан анықталған қаңқаның антропологиялық сипаттамасы:

Индивид қаңқасының сақталу деңгейі жақсы. Қаңқа сүйектері барлығы дерлік сақталды (тізе тобығы мен қабырғаның 2-ші және 12-ші және кейбір алақан мен табан сүйектерінен басқа).

Жынысы: Бас және жамбас сүйектерінің морфологиялық өлшемдері бойынша әйел.

Жасы: Орта жастағы ересек (30-45 жас)

Бойы: 164.7 ± 0.9 см

Патологиялық белгілер: Кеуде омартқаларында остеофиттік өсінділер байқалды. Сонымен қатар омыртқа жотасындағы қисаю байқалды (Сурет 7; Сурет 8).



Сурет 7. Қаражартас 6 ортағасырлық қорымы, №1 оба, №1 жерлеу орнынан табылған адам сүйегі



Сурет 8. Қаражартас 6 ортағасырлық қорымы, №1 оба, №1 жерлеу орнынан табылған адам сүйегі

Вариация: Сегізкөз ассиметриясы байқалды. L5 омыртқасымен қосылуы байқалмады. Аталмыш ерекшелік норма шегіндегі жеке вариация ретінде қарастырылады.

Краниологиялық талдау

Краниометриялық индекстер және интерпретация		
Индекс аты	Мәні	Интерпретация
Cranial index	84,3	Брахикранный
Facial index	84,6	Бет пішіні зуриморфты (кең)
Nasal index	46	Лепторин (тар) мұрынды
Orbital index	87,5	Орташа

Қаражартас қорымы, №1 жерлеу орнынан анықталған қаңқа индивид монголоидтық этностық типке жатады.

Қаражартас қорымы, №2 жерлеу орнынан анықталған қаңқаның антропологиялық сипаттамасы:

Индивид қаңқасының сақталу деңгейі жақсы. Қаңқа сүйектері барлығы дерлік сақталды (кейбір алақан мен табан сүйектерінен басқа).

Жынысы: Бас және жамбас сүйектерінің морфологиялық өлшемдері бойынша еркек.

Жасы: Егде жастағы (45+), 50-60 жаста.

Бойы: 164.08 ± 0.81 см

Патологиялық белгілер: Омыртқа жотасында остеофиттік өсінділер бар, сонымен қатар, L4 омыртқасында компрессиялық сынық белгілері байқалады (Сурет 9). Сан сүйегінің дистальды және асықты жіліктің проксимальды эпифизінде остеофиттер шоғырлануы байқалды (Сурет 10).



Сурет 9. Бел омыртқалары



Сурет 10. Сан сүйегі мен асықты жіліктің эпифиздері

Үстіңгі жақ тістерін толығымен жіне астыңғы жақтың моляр мен премоляр тістерін тірі кезінде жоғалтқан, альвеол шеттері тегістелген (Сурет 11; Сурет 12). Бұл патологиялар жасқа байланысты дегенеративті өзертістер.



Сурет 11. Қаражартас қорымы, №1 оба, №2 жерлеу орнынан табылған адам сүйегінің үстіңгі жағы



Сурет 12. Қаражартас қорымы, №1 оба, №2 жерлеу орнынан табылған адам сүйегінің астыңғы жағы

Вариация: Сегізкөз ассиметриясы байқалды. L5 омыртқасымен қосылуы байқалмады. Аталмыш ерекшелік норма шегіндегі жеке вариация ретінде қарастырылады.

Краниологиялық талдау

Краниометриялық индекстер және интерпретация		
Индекс аты	Мәні	Интерпретация
Cranial index	75,7	Мезокрандық
Facial index	80,8	Бет пішіні эуриморфты (кең)
Nasal index	44	Лепторин (тар) мұрынды
Orbital index	90	Жоғары

Қаражартас 6 ортағасырлық қорымы, №2 жерлеу орнынан анықталған қаңқа индивидте монголоидтық және европиоидтық этностық типтің ерекшеліктері байқалады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, Қаражартас қорымында жүргізілген зерттеулер Шет өңірінің ортағасырлық археологиялық мұрасын кешенді түрде сипаттауға мүмкіндік берді. Қорымның топографиясы, құрылымдық элементтері және жерлеу нысандары аймақтағы түркі дәуіріне тән ғұрыптық ландшафттың айқын көрінісін көрсетеді. Мұртты обаның, тас үйінділі жерлеулердің және тас мүсіні бар қоршаудың бір қорымда шоғырлануы бұл аумақтың ортағасырлық кезеңде маңызды сакралды-ритуалдық орталықтардың бірі болғанын дәлелдейді.

№1 обада анықталған екі жерлеу орнының архитектуралық ерекшеліктері – тақта тастармен жабылған, төртбұрышты, бұрыштары дөңгелектелген «жарма көр» үлгісіндегі қабір шұңқырлары – ежелгі жерлеу дәстүрінің ортағасырларда да сақталғанын көрсетеді. Қаңқалардың анатомиялық бастапқы қалпында, белгіленген бағдарда жатқызылуы, жерлеу құрылысындағы тас пен кірпішті қатар қолдану, жерлеу кеңістігінің алдын ала жоспарланғанын және белгілі бір ғұрыптық нормаларға сәйкес орындалғанын айғақтайды.

Антропологиялық материалдардың сақталу деңгейі орташа болғанына қарамастан, краниометриялық және остеометриялық өңдеу нәтижелері жерленген адамдардың биологиялық жынысы, жасы және морфологиялық көрсеткіштері туралы маңызды ақпарат алуға мүмкіндік берді. Қолданылған әдістер посткраниальды пропорцияларды бағалау, дене ұзындығын қайта құру формулалары, патологиялық өзгерістердің тіркелуі қаңқа қалдықтарын жан-жақты сипаттауды қамтамасыз етті. Бұл деректер Шет өңіріндегі ортағасырлық қауымның антропологиялық құрамын, дене бітімін және биологиялық бейімделу ерекшеліктерін анықтауға негіз болды.

Жинақталған материалдар Шет өңірінің мәдени-тарихи дамуының сабақтастығын, ерте темір дәуірінен бастап ортағасырларға дейінгі ғұрыптық орындардың үздіксіз қолданылғанын көрсетеді. Қаражартас 6 қорымы бойынша алынған нәтижелер аймақтың ортағасырлардағы археологиялық картасын нақтылап, жерлеу дәстүрі мен әлеуметтік-ритуалдық құрылымдарды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зерттелген антропологиялық материалдар Орталық Қазақстанның ортағасырлық тұрғындарының биологиялық келбетін анықтау жөніндегі деректер базасын толықтырып, өңірдің тарихи демографиясын қайта құруға қосымша мүмкіндік береді.

Осылайша, Қаражартас қорымы Шет өңірінің археологиялық кеңістігіндегі маңызды нысан ретінде аймақтың тарихи-мәдени дамуындағы ортағасырлардағы тарихи орны мен ерекшеліктерін айқындайды. Зерттеу нәтижелері археологиялық және антропологиялық деректерді кешенді салыстырудың аймақ тарихын реконструкциялаудағы маңызын көрсетіп, болашақ зерттеулерге әдіснамалық және деректік негіз қалайды. Шет өңірінің ортағасырлық археологиялық мұралары Орталық Қазақстандағы қазақ халқының рухани және мәдени орталықтарының бірі болғанын дәлелдейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

Ажигали С. Е. (2005). *Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары* (Т. 1, 135–170 б.). Алматы: Арыс.

Алексеев В. П. (1964). *Краниометрия. Методика антропологических исследований*. Москва.

Алексеев В. П. (1966). *Остеометрия. Методика антропологических исследований*. Москва.

Байпаков К. М., & Таймагамбетов Ж. К. (2009). *Қазақстан археологиясы*. Алматы: Қазақ университеті.

Ермоленко Л. Н. (2004). *Средневековые изваяния казахстанских степей (типология, семантика в аспекте военной идеологии и традиционного мировоззрения)*. Новосибирск.

Ермоленко Л. Н., & Курманкулов Ж. К. (2013). Серия новых кыпчакских изваяний из Сары-Арки. *Вестник КемГУ*, 4(3(55)), 18–23.

Кадырбаев М. К., & Курманкулов Ж. К. (1992). *Культура древних скотоводов и металлургов Сары-Арки*. Алма-Ата.

Кушаев Г. А. (1988). Отчет о исследовательской работе по раскопкам памятника материальной культуры Казахстана (Могильника и поселения Кресты). В *Материалы из архива института археологии имени А. Х. Маргулана* (Дело № 2197, с. 63). Ақтобе.

Маргулан А. Х. (1947). Археологические разведки в бассейне р. Сары-Су. *Вестник АН КазССР*, (7), 17–22.

Маргулан А. Х. (1948). Археологические разведки в Центральном Казахстане. *Известия АН КазССР. Серия историческая*, (49), 119–145.

- Маргулан А. Х. (1979). *Бегазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана*. Алма-Ата.
- Маргулан А. Х. (1998). *Сочинения* (Т. 1: *Бегазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана*; Д. А. Маргулан & Д. Маргулан, сост.). Алматы.
- Маргулан А. Х., Акишев К. А., Кадырбаев М. К., & Оразбаев, А. М. (1966). *Древняя культура Центрального Казахстана*. Алма-Ата.
- Паллас П. С. (1770). *Путешествие по разным местам Российского Государства* (Ч. 2, Кн. 1).
- Пежемский Д. В. (2011). *Изменчивость продольных размеров трубчатых костей человека и возможности реконструкции телосложения* (Кандидатская диссертация). Москва.
- Рыков П. С. (1933). Нурина экспедиция 1933 г. *ПИМК*, (9–10), 57–58.
- Рыков П. С. (1935). Работы в совхозе «Гигант» (Караганда). В И. И. Мещанинов (Отв. ред.), *Археологические работы Академии на новостройках в 1932–33 гг.* (Т. II, с. 40–68). Москва–Ленинград: ОГИЗ.
- Тұлға. Тағдыр. Тағылым. (Әлкей Марғұлан туралы естелік мақалалар, деректі әңгімелер, очерктер, өлең-арнаулар). (2004). Павлодар: ТОО НПФ «ЭКО».
- Қараганды облысының энциклопедиясы. (2006). Қарағанды: Болашақ-Баспа.
- Ткачев В. В. (2007). *Степи Южного Приуралья и Западного Казахстана на рубеже эпох средней и поздней бронзы*. Актобе: Актыбинский областной центр истории, этнографии и археологии.
- Варфоломеев В. В., Кукушкин И. А., Кукушкин А. И., Мәкен Ә. Б., Дмитриев Е. А., Әлкей Е. А., & Шохатаев, О. С. (2018). *Археологическая карта Шетского района Карагандинской области*. Караганда: Типография «Альфапринт».
- Тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстан археологиясы: негізгі қорытындылары мен келешегі. (n.d.). e-History.kz. <https://e-history.kz/kz/historical-education/show/12859>

REFERENCES

- Alekseev V. P. (1964). *Kraniometriya. Metodika antropologicheskikh issledovaniy* [Cranimetry. Methods of Anthropological Research]. Moscow. (In Russian).
- Alekseev V. P. (1966). *Osteometriya. Metodika antropologicheskikh issledovaniy* [Osteometry. Methods of Anthropological Research]. Moscow. (In Russian).
- Azhigali S. E. (2005). *Qazaq halqynyng dasturleri men adet-guryptary* [Traditions and Customs of the Kazakh People] (Vol. 1, pp. 135–170). Almaty: Arys. (In Kazakh).
- Baipakov K. M., & Taimagambetov Zh. K. (2009). *Qazaqstan arkheologiyasy* [Archaeology of Kazakhstan]. Almaty: Qazaq Universiteti. (In Kazakh).
- Ermolenko L. N. (2004). *Srednevekovye izvayaniya kazakhstanskikh stepei (tipologiya, semantika v aspekte voennoi ideologii i traditsionnogo mirovozzreniya)* [Medieval Stone Sculptures of the Kazakh Steppes (Typology and Semantics in the Context of Military Ideology and Traditional Worldview)]. Novosibirsk. (In Russian).
- Ermolenko L. N., & Kurmankulov Zh. K. (2013). *Seriya novykh kypchakskikh izvayaniy iz Sary-Arki* [A Series of New Kipchak Stone Sculptures from Sary-Arka]. *Vestnik KemGU*, 3(55), 18–23. (In Russian).
- Kadyrbaev M. K., & Kurmankulov Zh. K. (1992). *Kul'tura drevnikh skotovodov i metallurgov Sary-Arki* [Culture of Ancient Pastoralists and Metallurgists of Sary-Arka]. Alma-Ata. (In Russian).
- Kushaev, G. A. (1988). *Otchet o issledovatel'skoi rabote po raskopkam pamyatnika material'noi kul'tury Kazakhstana (Mogil'nika i poseleniya Kresty)* [Report on the Excavation of the Kresty Burial Ground and Settlement]. In *Materialy iz arkhiva Instituta arkheologii imeni A. Kh. Margulana* [Materials from the Archive of the A. Kh. Margulan Institute of Archaeology] (File No. 2197, p. 63). Aktobe. (In Russian).
- Margulan A. Kh. (1947). *Arkheologicheskie razvedki v basseine reki Sary-Su* [Archaeological Surveys in the Sary-Su River Basin]. *Vestnik Akademii Nauk KazSSR*, (7), 17–22. (In Russian).

Margulan A. Kh. (1948). Arkheologicheskie razvedki v Tsentral'nom Kazakhstane [Archaeological Surveys in Central Kazakhstan]. *Izvestiya Akademii Nauk KazSSR. Seriya Istoricheskaya*, (49), 119–145. (In Russian).

Margulan, A. Kh. (1979). *Begazy-Dandybaevskaya kul'tura Tsentral'nogo Kazakhstana* [The Begazy-Dandybay Culture of Central Kazakhstan]. Alma-Ata. (In Russian).

Margulan A. Kh. (1998). *Sochineniya* (Vol. 1, *Begazy-Dandybaevskaya kul'tura Tsentral'nogo Kazakhstana* [The Begazy-Dandybay Culture of Central Kazakhstan], D. A. Margulan & D. Margulan, Compilers). Almaty. (In Russian).

Margulan, A. Kh., Akishev K. A., Kadyrbaev M. K., & Orazbaev A. M. (1966). *Drevnyaya kul'tura Tsentral'nogo Kazakhstana* [Ancient Culture of Central Kazakhstan]. Alma-Ata. (In Russian).

Pallas P. S. (1770). *Puteshestvie po raznym mestam Rossiiskogo gosudarstva* [Journey through Various Provinces of the Russian Empire] (Part 2, Book 1). (In Russian).

Pezhemskii D. V. (2011). *Izmenchivost' prodol'nykh razmerov trubchatykh kostei cheloveka i vozmozhnosti rekonstruktsii teloslozheniya* [Variation in the Longitudinal Dimensions of Human Long Bones and the Possibility of Body Build Reconstruction] (Candidate dissertation). Moscow. (In Russian).

Rykov P. S. (1933). Nurinskaya ekspeditsiya 1933 g. [The Nurinsky Expedition of 1933]. *PIMK*, (9–10), 57–58. (In Russian).

Rykov P. S. (1935). Raboty v sovkhوزه "Gigant" (Karaganda) [Excavations at the "Gigant" State Farm (Karaganda)]. In I. I. Meshchaninov (Ed.), *Arkheologicheskie raboty Akademii na novostroikakh v 1932–1933 gg.* [Archaeological Works of the Academy at New Construction Sites in 1932–1933] (Vol. 2, pp. 40–68). Moscow–Leningrad: OGIZ. (In Russian).

Tulga. Tagdyr. Tagylym (Alkei Margulan turaly estelik maqalalar, derekti angimeler, ocherkter, olen-arnaular) [Personality. Destiny. Legacy (Memoirs, Documentary Stories, Essays, and Poems Dedicated to Alkey Margulan)]. (2004). Pavlodar: TOO NPF "EKO". (In Kazakh).

Qaragandy oblysynyn entsiklopediyasy [Encyclopedia of the Karaganda Region]. (2006). Karagandy: Bolashaq-Baspa. (In Kazakh).

Tkachev V. V. (2007). *Stepi Yuzhnogo Priural'ya i Zapadnogo Kazakhstana na rubezhe epokh srednei i pozdnei bronzy* [The Steppes of the Southern Urals and Western Kazakhstan at the Transition from the Middle to the Late Bronze Age]. Aktobe: Aktyubinskii Oblast Center of History, Ethnography and Archaeology. (In Russian).

Varfolomeev V. V., Kukushkin I. A., Kukushkin A. I., Maken A. B., Dmitriev E. A., Alkei E. A., & Shokhataev O. S. (2018). *Arkheologicheskaya karta Shetskogo raiona Karagandinskoi oblasti* [Archaeological Map of the Shet District of the Karaganda Region]. Karaganda: Al'faprint. (In Russian).

Tauelsizdik kezenindegi Qazaqstan arkheologiyasy: Negizgi qorytyndylary men keleshegi [Archaeology of Kazakhstan during the Independence Period: Main Results and Prospects]. (n.d.). e-History.kz. <https://e-history.kz/kz/historical-education/show/12859> (In Kazakh).

Авторлар туралы мәлімет:

Багдаулет Сиздиқов – PhD, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Археология ғылыми-зерттеу институты. Жетекші ғылыми қызметкер. Қазақстан Республикасы, Түркістан қаласы, Бекзат Саттарханов даңғылы, 29. e-mail: bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz

Есен Сырым - PhD, Астана халықаралық университеті, оқытушы. Астана қаласы, Қазақстан. e-mail: syrymesenov@gmail.com

Әли Әлімбекұлы – «Qazaq Archaeology» ЖШС. Ғылыми қызметкер. Қазақстан Республикасы, Түркістан қаласы. e-mail: ali.alimbekuly@gmail.com

Шыназ Алмазұлы – докторант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. Қазақстан Республикасы, Түркістан қаласы, Бекзат Саттарханов даңғылы, 29. e-mail: shynaz.almazuly@ayu.edu.kz

About the Authors:

Bagdaulet Sizdikov – PhD, Leading Researcher, Research Institute of Archaeology, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University. 29 Bekzat Sattarkhanov Avenue, Turkistan, Republic of Kazakhstan. e-mail: bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz

Yesen Syrym – PhD, Lecturer, Astana International University. Astana, Republic of Kazakhstan. e-mail: syrymesenov@gmail.com

Ali Alimbekuly – Researcher, Qazaq Archaeology LLP. Turkistan, Republic of Kazakhstan. e-mail: ali.alimbekuly@gmail.com

Shynaz Almazuly – Doctoral student, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University; Research Institute of Archaeology. 29 Bekzat Sattarkhanov Avenue, Turkistan, Republic of Kazakhstan. e-mail: shynaz.almazuly@ayu.edu.kz

Сведения об авторах:

Багдаулет Сизди́ков – PhD, ведущий научный сотрудник Научно-исследовательского института археологии Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави. Республика Казахстан, г. Туркестан, проспект Бекзата Саттарханова, 29. e-mail: bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz

Есен Сырым – PhD, преподаватель Международного университета Астана. Республика Казахстан, г. Астана. e-mail: syrymesenov@gmail.com

Али Алимбекулы – научный сотрудник ТОО «Qazaq Archaeology». Республика Казахстан, г. Туркестан. e-mail: ali.alimbekuly@gmail.com

Шыназ Алмазулы – докторант Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави. Республика Казахстан, г. Туркестан, проспект Бекзата Саттарханова, 29. e-mail: shynaz.almazuly@ayu.edu.kz

Б. Байболов¹ 

¹ «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы РМҚК, Түркістан,
Қазақстан Республикасы
✉e-mail: baybol81@mail.ru

ХАЛЫҚ ЭТНОГРАФИЯСЫНДА ТҰРАҚТЫ БАСПАНАЛАР ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР

Аңдатпа

Материалдық мәдениеттің құрамдас бөлігіне айналған баспана көне дәуірлерден бері адамдардың іс-әрекетінің жемісі ретінде қоршаған ортамен өзара тығыз байланыста қарастырылып келе жатқан негізгі ұғымдардың бірі. Мұнда тұтас халықтың табиғат жағдайы мен географиялық бітімге ыңғайланып қалыптасқан тұрмыс-салтын анықтайды. Адамзат баласы табиғи ортаға бейімделу барысында жер бедерінің ыңғайына қарай баспана мен тұрғын жайларды сала бастады. Халқымыздың өмір сүру деңгейінде де баспананың өзіндік маңызды рөлі болды.

Бүгінгі зерттеу мақаламызда халқымыздың тұрмыс-тіршілігінде өзіндік орны бар тұрақты баспаналарға ғылыми зерттеу тұрғысында сипаттама беретін боламыз. Зерттеу барсында халық санасын өше бастаған халық этнографиясының бір бөлшегі саналатын тұрақты баспаналарды халық жадына сіңіру, сол арқылы өскелең ұрпақ бойына баға жетпес төл тарихымызда орын алатын бай мұраларымызды қайта жаңғырту.

Этнограф-ғалым Өзбекәлі Жәнібековтің зерттеу еңбектерінде халқымыздың тұрмыс тіршілігінде баспананы екі түрге бөліп қарастырады. Біріншісі - жылжымалы баспана көшіп қонуға ыңғайлы жиналып құрастырылады. Ол көшпелі халықтың тұрмыс тіршілігімен біте қайнасқан. Оған қос, күрке, шошала, абылайша, турылық үй, ақ үй, отау, киіз үйді жатқызады. Екіншісі - тұрақты баспана отырықшылыққа негізделген. Оған кепе, жеркөпе, жертөле, тошала, қақыра, қоржын үй, өлшекті, тоқал там, тіркеспе, шарбақ үй, дүкен, қыстықты үйлерді жатқызады.

Кілт сөздер: баспана, тұрғын үй, кепе, жеркөпе, жертөле, тошала, шошала, қақыра, қоржын үй, өлшекті, тоқалтам, тіркеспе, шарбақ үй, дүкен, қыстық.

В. Baibolov¹ 

¹ National Historical and Cultural Museum-Reserve "Azret Sultan", Turkestan, Republic of
Kazakhstan
✉e-mail: baybol81@mail.ru

STUDIES OF PERMANENT DWELLINGS IN FOLK ETHNOGRAPHY

Abstract

Housing, as an essential component of material culture, has since ancient times been viewed as both the result of human activity and a key element of interaction between people and their natural environment.

*Cite us correctly:

Б. Байболов. (2026). Халық этнографиясында тұрақты баспаналар туралы зерттеулер. *Turan Archaeology*, 1(1), 44-53.

Мақаланың редакцияға түскен күні 23.06.2026/ қабылданған күні 28.06.2026.

The form and structure of dwellings reflect environmental conditions, geographical features, and the lifestyle of a given community. In adapting to natural surroundings, people began constructing homes and auxiliary buildings according to the terrain and climate. In the traditional way of life of the Kazakh people, housing played a particularly significant role.

This article provides a scholarly description of permanent dwellings that occupied an important place in everyday life. The purpose of the study is to reintroduce into public awareness certain elements of folk ethnography that are gradually fading from collective memory, particularly traditional forms of stationary housing and contribute to the preservation and revival of a rich historical heritage for future generations.

The ethnographer Uzbekali Zhanibekov classified traditional Kazakh dwellings into two main types. The first type includes portable dwellings designed for nomadic life and easy assembly and disassembly. These comprise various forms of temporary structures and yurts, such as *kos*, *kurke*, *shoshala*, *abylaisha*, *turlyk ui*, *ak ui*, *otau*, and the *felt yurt (kiiz ui)*. The second type consists of permanent dwellings associated with a sedentary lifestyle. These include *kepe*, *zherkope*, *zhertele*, *toshala*, *kakyr*, *korzhyn ui*, *olshekti*, *tokaltam*, *tirkеспе*, *sharbak ui*, *duken*, and winter houses (*kystyk ui*).

Keywords: dwelling, house, *kepe*, *zherkope*, *zhertele*, *toshala*, *shoshala*, *kakyr*, *korzhyn ui*, *olshekti*, *tokaltam*, *tirkеспе*.

Б. Байболов¹ 

¹Национальный историко-культурный музей-заповедник «Эзирет Сұлтан», Туркестан, Республика Казахстан

✉e-mail: baybol81@mail.ru

ИССЛЕДОВАНИЯ СТАЦИОНАРНЫХ ЖИЛИЩ В НАРОДНОЙ ЭТНОГРАФИИ

Аннотация

Жилище, являясь важной частью материальной культуры, с древнейших времён рассматривается как результат взаимодействия человека с окружающей средой. Оно отражает особенности природных условий и географической среды, в которых формировался образ жизни народа. В процессе адаптации к природной среде человек начинал возводить жильё с учётом рельефа местности и хозяйственных потребностей. В системе жизненных ценностей казахского народа жилище всегда занимало особое место.

В данной статье рассматриваются стационарные виды жилищ, занимавшие важное место в традиционном быту народа. Цель исследования — дать научную характеристику постоянным формам жилья как одному из значимых элементов народной этнографии, а также способствовать сохранению исторической памяти и возрождению богатого культурного наследия в сознании подрастающего поколения.

В трудах этнографа Узбеки Жанибеков традиционные жилища казахов подразделяются на два типа: переносные и стационарные. Переносные жилища были приспособлены к кочевому образу жизни и легко разбирались и собирались (к ним относятся различные типы юрт и временных укрытий, *қос*, *күрке*, *шошала*, *абылайша*, *турылық үй*, *ақ үй*, *отau*, *киіз үй*). Стационарные жилища, напротив, были связаны с оседлым образом жизни. К ним относились *кепе*, *землянка*, *полуземлянка*, *тошала*, *қоржын-үй*, *тоқал там*, *тиркеспе* и другие виды построек.

Ключевые слова: жилище, дом, *кепе*, *жеркопе*, *жертоле*, *тошала*, *шошала*, *қақыра*, *қоржын уй*, *олшекті*, *тоқал там*, *тиркеспе*, *шарбак уй*, *дукен*, *қыстық*.

Ауа-райының жағдайына және мекендейтін аудандарына байланысты қазақтардың қыста немесе жазда тұратын тұрғын үйлері әртүрлі болған. Олар жаз мезгілінде киіз үйлерде, қыс мезгілінде тұрақты салынған жылы жайларда қоныстанған. Тұрақты үйлердің көбісі киіз үйдің формасын сақтаған. Қазақтардың өте ертедегі тұрақты тұратын үйлерінің бір түрі тошала деп аталған. Ол дөңгеленген бір бөлмелі конус немесе сфера сияқты күмбезделіп келеді. Тошаланы ағаштан қиып, тоқып немесе ойылған шымнан, тастан, күйдірілмеген кірпіштен қалайтын болған. Тошаланың құрылымы аңшы қосына ұқсас келеді. Тошаланың іргетасын дөңгелек етіп қаластырып, үстіне он немесе он бес сырықтан түзілетін сүйір құрылғы орнатады да, ағаш бұтақтармен шабақтап, киізбен бекітеді. Кейбір өңірлерде қамыспен жауып, топырақты жатқызып лай жасап, оны әбден мыжғылап пісіріп, одан соң сылайды. Тошала кейде шошала деп те аталады. Сонымен қоса, мыңжылдық тарихы бар Ботай мәдениетінен де тошалаға ұқсас тұрақты баспаналарды және Абайдың Жидебайдағы тұрғын үйінен шошаланың жақсы сақталған түрін музей экспозициясынан көруге болады.

Қазақстан аумағында форма жағынан киіз үйге ұқсас тастан қаланған бір бөлмелі үйлердің өте ерте кездегі тас үй деп аталатын типі сақталған. Бұл құрылыстар туралы Орхон Тоныкөк жазбаларында айтылады және шығу уақыты жағынан VI-VIII ғасырларға жатқызады (Тәжімұратов, 1977).

Халқымызда жартылай жерден қазылған тұрақты баспаның түрі кепе. Оның қабырғалары көбінесе балшық болмаса шымнан қаланып, төбесі қамыс немесе шөппен жабылған кішкене лашық үй. Кейбір деректерде жеркепе деп те атайды. Оның төбесін бұрынырақта тегіс, кейде шатыр тәрізді етіп жапқан. XIX ғасырдың орта шегінен бастап, жеркепе Жетісуда, Батыс Қазақстан облысының Бөкей ордасында көптеп сақталған.

Оңтүстік өңірлерде диханшылар егістік маусымында жерді жартылай қазып, кепе жасайды. Кепенің үстіне терек ағашын қойып, құраған шөптерді салып, үстін лаймен сылайды. Болмаса кепеден шыққан топырақтармен шөптің үстін бастырады. Кепе жазда салқын әрі демалуға қолайлы орын. Сонымен бірге диханшылар кепеде қауын, қарбыз басқа да дақылдарды уақытша сақтайды.

Жертөле әдебиеттерде жерді жартылай, кейде одан да терең қазып жасайтын жер үй деп анықтама береді. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырлардың басында тұрғын үй ретінде кейін мал қора есебінде жиі пайдаланған. Жертөле жазда салқын, қыста жылы болады. Түркістан өңірінің ескі Саурандағы Ашылған өзенінің бойына жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары нәтижесінде көне жертөлелердің орны әлі жақсы сақталғандығын көруге болады (Сурет 1).



Сурет 1. Жертөле

«Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» энциклопедиясында қақыра баспанасына қатысты мынадай анықтама береді: «Қақыра халқымыздың көне тұрақты баспаналарының бірі. Қақыра төрт қабырға етіп тұрғызылады. Ол үшін алдымен төрт бұрышынан төрт діңгек орнатып, артынан қамыс немесе ағаш бұтақтарын буып алып, екі діңгектің ортасына тігінен тізіп, белдеуін талмен, шілікпен бекітеді. Шөп,

жылқының бопайын, саз топырақты иін қандыра араластыра отырып балшық дайындап, қамыстың сыртын түгел сылайды.

Бұндай сылақ жауын-шашында езілмейді, әрі кепкен кезде жарылмайды. Қабырғасын тұрғызғаннан кейін төбесін қамыспен жауып, қамыстың үстіне майда шөп тасталады. Оның үстін лаймен сылайды. Пеш орнатылып, төбесіне қалдырылған ойықтан түтін тартатын мұржа шығарылады. Еденді шымнан тазартып, оны да саз балшықпен сылап шығады. Сылақ кепкеннен кейін қабырғалары әктеледі. Тұрақты мекен-жай қалыптасқанға дейін қақыра барлық өңірлерде кеңінен тараған»-деп жазады. (Энциклопедия, 2012).


Қазақтың бізге танымал тұрақты баспаналарының бірі - қоржын үй. Арасы асханының да міндетін атқаратын дәлізбен ажыратылатын, бірінде өздері тұрып, екіншісінде қонақ күтетін екі бөлмелі тұрғын үй. Ежелгі Отырарда жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезінде көптеген қоржын үйлердің орындары аршылды. Оған дәлел ретінде археологтар К.Ақышев, К.Байпақов, Л.Ерзаковичтің «Отрар XVI-XVIII веков по итогам раскопок 1971-1973 годов» еңбегінде «... соңғы ортағасырлардағы Отырарға тән баспана мен отырықшы қазақтың мекен-жайын салыстыру» (Ақышев және т.б., 1975)-деп жазды. Қызығы Отырардағы баспананың негізгі ұясы дәлізді немесе қоймалы бөлме көп бөлмелі тіркеспелер отырықшы қазақтың үйлеріне ұқсас. Зерттеу материалдарына сүйенсек, қазақта шаруашылықта қажетті қосалқысының итарқасы өзімен бірге жабылатын жеке немесе екі бөлмелі тұрғын үй кеңінен тараған. Оның құрамында кейде асхана ретінде пайдаланылған аралық үшінші бөлменің де көрініп қалатыны белгілі.

Тарихи деректерде XVII-XVIII ғасырларда қазақ хандары дуалмен қоршалған қорғандарда, киіз үйлерде тұратыны жазылады. Фазлаллах ибн Рузбихани Исфханидің «Мехманнаме-йи Бұхара» еңбегінде Түркістан қаласы қыстайтын ағаш немесе кірпіш үйлерімен қатар, қаланың жартысы киіз үйлерден тұратындығы, оның айналысы дуалдармен қоршалғандығы айтылады (Рузбехани, 1976).

Осы тарихи жазбаға дерек ретінде Түркістан археологиялық отрядының Хан Ордасы территориясында 2008-2010 жылдар аралығында жүргізген қазба жұмыстарының есептері дәлел бола алады. Онда Түркістандағы Хан ордасындағы тұрақты баспаналардың өлшемдері, ғасыры, атқарған қызметтері жазылады. Қазбаның алтыншы қабатының есебінде: 2008 жылғы қазба бойынша алтыншы құрылыс қабаты жетінші белдеуде 3,5 м орналасқан. Ол бойынша қазба барысында 250 шаршы метр жер аршылып, екі үйге қарасты жеті бөлме және ауланың орны ашылған. Қазба барысында табылған мыс теңгелер мен құмыра бұйымдарына жасалған сараптама қортындысы бұл деңгейдің XVII ғасырдың соңы – XVIII ғасырдың бірінші жартысы мен орта шеніне қатысты құрылыс қабаты екендігі дәлелденді.

2009 жылы жүргізілген қазба бойынша алтыншы құрылыс қабаты солтүстік және шығыс бағыттарына қарай кеңейтіліп жалпы саны он екі бөлменің орындары аршылып қазба жобасы түсірілген.

2010 жылы жүргізілген зерттеулер алтыншы құрылыс қабатына жататын көлемі 12,1x6,5 м болып келетін бір тұрғын үйді аршып зерттеді. Тұрғын үйдің оңтүстік қабырғасы аршып зерттелмеген жердің астына қалып кеткен. Бөлменің оңтүстік-батыс бұрышында ошақ орналасқан. Диаметрі 0,6x0,6 м болып келетін ошақтың жалпы көлемі 1,8x1,1 м. Тұрғын үйдің батыс қабырғасына көлемі 3,4x1 м болып келетін суфа орналасқан Суфа орталығына көлемі 1,2x1 м болатын ташнау мен диаметрі 0,7x0,7 м болатын тандыр орналасқан. Тандырдың төменгі жағына әртүрлі көлемдегі тастар төселген. Суфа мен тұрғын үйдің солтүстік қабырғасын байланыстырып тұрған қабырғаның ұзындығы 6,5 м, ені 0,7 м. Қазбаның солтүстік бөлігінде ешқандай құрылыс іздері байқалмайды. Сылағымен жақсы сақталған бөлме қабырғалары еденнен -0,15-0,20 м биіктікте тұр (Сурет 2).



Сурет 2. Хан ордасында жүргізілген қазба сызбасы

Алтыншы құрылыс қабаты XVII ғ. соңы мен XVIII ғ. бірінші жартысы арасында қалыптасқан. Бұл кезеңде Хан ордасын Тәуке хан, Қайып хан, Болат хан, Сәмеке хан, Әбілмәмбет хандар мекен еткен. 1743-1745 жж. аралығында Сәмеке ханның үлкен ұлы Сейіт хан Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің шығыс бетінен екінші Хан ордасын қалыптастырды. Әбілмәмбет хан қайтыс болған соң (1771 жылы) қазба жүргізіліп жатқан Орданы оның ұлы Болат хан 1798 жылға дейін мекен еткен деген тұжырым жасауға болады (Тұяқбаев және т.б., 2010).

Хан Ордасының алтыншы қабатында орналасқан баспаналар хандар отбасымен, аталықтарымен, қызметшілерімен тұратындығын байқауға болады. Хандар тұрған баспаналар Ескі Түркістан қаласына жүргізілген археологиялық қазбадан табылған тұрақты баспаналардан көлемі жағынан, дуалының қалыңдығы, биіктігі жағынан ерекшеленеді. Ескі Түркістанда жүргізілген археологиялық қазбадан табылған баспаналар негізінен қоржын үй, тоқал тамдар болып табылады. Қоржын үй, тоқал тамдар хандар баспанасынан көлемі жағынан шағындау болады. Археолог-ғалым М.Тұяқбаевтың айтуынша Ескі Түркістандағы тұрақты баспаналардың үш бөлмеден аспайтын себебі күз, қыс мезгілдерінде тұрғылықты халық үйді жылыту мәселесіне назар аударатындығын атап өтеді.

Ғалым М.Меңдіқұловтың «Қазақстан архитектурасының XIX ғасырдағы және XX ғасырдың бас кезіндегі сипаты жөнінде» еңбегінде «Қазақта кеңінен тараған тұрақты мекен-жайлардың негізгі екі түрі - Арқаның далалық қыстауы, Сырбойы мен Жетісудан қоржын үй іспетті баспанасы жайында жазады» (Меңдіқұлов, 1959). Орманды Алтайдың алқабында тұратын қазақтардың ағаштан қиыстырып тұрғызатын шарбақ үйінен, қала берді Арал мен Каспий бойында тұратын балықшы қазақтардың лашығынан да «қоржын үй» сарыны байқалатыны анық.

Орыс ғалымы С.Руденко «Очерк быта казаков бассейна рек Уила и Сагыза» еңбегінде: «Ойыл мен Сағыз өзендерінің бойын мекендеген халықтың тіркеспе (баспана атауы) қыстауын қазақтың өзіне ғана тән, басқа жұрттан алмаспаған, оған және олардың ата-бабасына, кем-дегенде, осыдан екі мың жыл бұрын белгілі болған баспана нұсқасы»-деп жазды (Руденко, 1927). Сонымен бірге, ғалым С.Руденко қазақ даласындағы тұрақты баспаналарды қазақ халқының бәріне тән екендігін жазған. Бұл тұрақты баспаналарда төбе жабындысы, есігі, терезе ойықтарының орналасуындағы ұқыптылыққа назар аударған. Бұл тұрақты баспаналардан «қоржын үйдің» сұлбасын айтпаса да түсінікті.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеудің дәйектілігі Қазақстан аумағындағы тұрақты баспаналардың тарихи-мәдени эволюциясын кешенді түрде қарастыру қажеттілігімен айқындалады. Бұл мәселе материалдық мәдениет, этнология, археология және сәулет өнері салаларындағы өзекті бағыттардың бірі болып табылады. Зерттеу барысында деректік негіз ретінде этнографиялық, археологиялық және жазба мәліметтер кешені пайдаланылды. Атап айтқанда, қола дәуіріндегі отырықшылық

белгілерін сипаттайтын Ә.Марғұлан еңбектері, Отырар материалдарына қатысты К.Ақышев, К.Байпақов, Л.Ерзакович, М.Мендікұлов, М.Тұяқбаевтың зерттеулері, сондай-ақ қазақтың дәстүрлі баспаналарын жүйелеген Ө. Жәнібеков еңбектері негізге алынды.

Сонымен қатар, жазба дереккөз ретінде Фазлаллах ибн Рузбихани Исфакхани авторлығымен жазылған «Мехманнаме-йи Бұхара» шығармасындағы мәліметтер мен Сергей Руденко еңбектеріндегі этнографиялық сипаттамалар салыстырмалы талдау әдісі арқылы қарастырылды. Археологиялық материалдар ішінде Отырар және Түркістан жазираларындағы қазба жұмыстарының есептері пайдаланылды.

Зерттеу әдістері ретінде тарихи-салыстырмалы талдау, деректанулық сараптау, типологиялық жіктеу және құрылымдық-функционалдық талдау қолданылды. Тұрақты баспаналардың (тошала, кепе, жертөле, қоржын үй, тоқалтам, тіркеспе және т.б.) құрылыс ерекшеліктері мен аймақтық таралуы жүйеленіп, олардың әлеуметтік-экономикалық және табиғи-географиялық факторлармен байланысы анықталды. Археологиялық қабаттардың мерзімделуі нумизматикалық және стратиграфиялық әдістер арқылы нақтыланды.

Қазақстан территориясындағы тұрғын халықтардың саяси-әлеуметтік, экономикалық жағынан орналасуын, яғни ең алғашқы отырықшылыққа айналған мерзімін біздің дәуірімізге дейінгі VIII-VII ғғ. соңғы қола дәуіріне жатқызады. Ол кездегі халық туысқандық құрылыстың кезінде аңғарлар мен өзен, көлдің құйылыстарында мал шаруашылығымен қатар егіншілікті ұштастыра білген. Қола дәуірінің соңғы кезінен-ақ тастан үй салып отыршылыққа үйренгендігі, тұрғын үйлер мен мәдени орындардың қазылып алынған қалдықтарынан байқалған. Мұндай қола дәуірінің ең соңғы кезеңіне жататын ертедегі тұрғын халықтың ірі орталығының бірі Қостанай облысы, Тобол өзені бойындағы Алексеевка қорғанының маңайы болған (Марғұлан, 1950)

Нәтижелер және талқылау

Қоржын үй қазаққа және оның ата-бабасына әуел бастан үйренішікті бола бастаған құрылыс материалдарының ыңғайына орайластырылған тұрақты мекенжайдың алғашқы үлгісі болуы мүмкін. Қақыраның (көне тұрақты баспананың бір түрі) негізінде пайда болып, тұрғын жайдың басқа да үлгілерінің қалыптасуына жол ашқан үй құрылысының нұсқасы болуы мүмкін. Қоржын үй тұрғызудың әдісі өте қарапайым болған. Алдымен үй салатын жер қарастырып, оған мүмкіндігінше биіктеу жер таңдалып, оған жауын-шашын суының әсері болмайтындай жағы ойластырылады. Жерді тегістеп болған соң, жерге шөп, жантақ, сабан, табиғи бұталарды төсеп таптайтын болған. Оған қоса малды үстінен қайта-қайта айдап өтіп, жерді таптатады. Ал кейбір өңірлерде су құйып, ірі қара малдың тұяғымен жерді таптатып, оған қоса арнайы тоқпақпен ұрып жерді нығайтататын болған. Бұл өз кезегінде тұрақты баспананың шөгіп, жарылып кетуінен сақтайды. Халқымыз қоржын үйді салуда осындай өзіндік технологияларды пайдаланған және оған аса мән берген.

Қоржын үй үш бөлмеден тұрады. Үйдің есігінен кіргендегі ортаңғы бөлмеде оттығы орналасады әрі асханалық қызмет атқарады оң және сол беткейіндегі бөлмелері жатын қызметін атқарған. Қоржын үйдің есік, терезесі, бастырмасы күншуақты жағына беріледі. Бөлмелердің ауасын тазалайтын дем тартқыш түтіктері болған.

Қалалық жерлерде орналасқан қоржын үйлердің нұсқасы ағаштан, кірпіштен соғылған. Төбесіне, есік-терезеліріне, бағана-ұстындарна ою-өрнек, сыртқы бұтағына, терезе, есік ойықтарына қыштан мәнерлеп қаланған құр, жиектемелер берілген. Қаладағы қоржын үйлердің бізге жеткендерінің едені тақтайлы болып келеді.


Қоржын үйлер ғасырлар бойы отырықшы қазаққа негізгі баспана болып келегінімен, соңғы кезде тұрмыстан мүлдем шығып қалған десек те болады. Оның түр өзгерістеріне түскен жекелеген нұсқаларын Сырбойының, Талас-Шу алқабының алыстағы ауылдарынан, Қызылорда, Түркістан, Арыс, Қазалы қалаларында ғана кездесітуге болады (Жәнібеков, 1995).

Түркістан облысы, Отырар ауданы, Шәуілдір ауылында «Отырар» мемлекеттік археологиялық тарихи-мәдени музей-қорығының аумағында қоржын үйдің XIX ғасырдың

екінші жартысы мен XX ғасырдың басында салынған нұсқасын ашық аспан астындағы музей экспозициясынан көруге болады (Сурет 3; Сурет 4).



Сурет 3. «Отырар» мемлекеттік археологиялық тарихи-мәдени музей-қорығының аумағында қоржын үй



Сурет 4. Қоржын там

Халқымызға танымал тұрақты баспаналардың бірі тоқалтам. Ол қоржын үйдің баламасы болып табылады. Этнографиялық әдебиеттерде «қарсы есікті» деген шартты атаумен де белгілі. Тоқал там қамкесектен соғылады. Төбесі қамыспен жабылып, төбежабыны қаңқасымен қоса тып-типыл етіп сыланатын болғандықтан «тоқалтам» деп атаған. Ол асхана міндетін атқаратын дәлізбен ажыратылған, бірінде өздері тұрып, екінші бөлмесіне қонақ күтіледі.

Мұнда да су жиналмайтын жер таңдалынып, биіктеу, дөңес жер қарастырылады. Оңтүстік өңірде топырақты жақсылып илеп, бастырып, лай піскен соң қырық күн шілдеде төртбұрышты көлемдері әртүрлі қамкесек құяды. Әбден кепкен қамкесектен тоқалтамның қабырғасы қаланады. Үйдің биіктігі 2,20 метрге жуық. Үйдің қабырғасы мейлінше 0,7 м-ден 1 м жуық қалың қаланады. Қыс мезгілінде үй жылықты сақтайды, жаз мезгілінде баспана салқын болады. Үйдің төбесіне қалың етіп қамыс, табиғи шөптер салып, оны лаймен бастырып сылайды. Үйдің оттығы ортаңғы бөлмеден жағылады.

Тоқалтам Қазақстанның Ертіс жағалауында, Жетісуда, Сырбойында, Арал сыртының Ырғыз жағында кеңінен тарағынмен, соңғы жылдары сирек кездесетін тұрақты баспаналар қатарына жатқызуға болады – деп топшылайды ғалым-этнограф Ө.Жәнібеков.

Қазақ даласында, әсіресе қыстауларда ең көп тараған шатыры бола бермейтін тұрақты баспаналар бірі тіркеспе. Ол қора қопсымен бірге жабылатын, көбіне қамкесектен тұрғызылып, қабырғасы лаймен сыланатын немесе сырты күйген қышпен қапталған ауыз үй, оттық үй, жатақ үй, қонақ үй тіркеспесінен тұратын баспаналардың үлгісі. Қыстау тұрғындары жатақ бөлмеге немесе қонақ жайға кіру үшін әуелі қора-қопсыдағы отынханаға, астық қоймасына, төл ұстайтынын ауыз үйге тап болған. Сонан кейін ғана бойы аласа, терезелері тар, таалдырығы биік бөлмелерге, ең алдымен оттық үйге, қазан оттығымен жылытатын жатақ үйге онан әрмен өз алдына от жағылатын қонақ үйге кіре алған.

Өзбекәлі Жәнібеков өзінің «Жолайрықта» кітабында тіркеспе баспанасы шымнан да, тақтастан да соғылған. Ауқатты қазақтарда күйген қыштан тұрғызған, шатырлы үйлер сирек кездеседі. Мұндай тіркеспе үйлер Торғай өңірінде XIX ғасырдың аяғында Аймағамбет ұстаның тұрғызған үйі, XX ғасырдың басында Қызылорда облысының Қазалы қаласындағы Ғани байдың үйі, Маңғыстаудағы Форт-Шевченко қаласындағы Ыдырыс Сәрсенбайұлының үйін атап өтеді.

Мұндай тіркеспе үйлері Түркістанда да кездеседі. Соның бірі XIX ғасырдың аяғында бой көтерген гарнизон штабы. Республикалық маңызы бар көркемдік тарихи-сәулет ескерткіштер қатарына енген. Казарма ғимаратымен қатар тұрған бұл құрылыс Түркістан гарнизоны кешенінен сақталынған екінші ғимарат. Құрылыс Әйтеке би, Байбұрт көшелерінің қиылыстарында орналасқан. Типтік жобада тұрғызылған, қабырғалары кірпіш, сыланбаған,

іргетасы тастан қаланып, шатыры қаңылтырмен жабылған. Штаб ғимараты «кірпіштік стиль» үлгісінде тұрғызылып, жобасы бір қабатты, құрылымы тік бұрышты болып келіп есігі көше жақ бетінде орналасқан. Қабырғалары кірпіштен, іргетасы тастан қаланған, кіретін есігі және терезе жақтаулары кірпішпен өрнектелген.

Жобасы бір қабатты, тік бұрышты ғимараттың негізгі есігі көше жақ (Өйтеке би көшесі) бетінде орналасқан. Осы фасад бетінің тектоникасы (құрылыстың пропорциялық, құрылымдық, сәндік шешімдерінің көркемдік жиынтығы) терезе асты ойыңқы филекалар, карниз және жалпы қабырға бетінен сыртқа шығыңқы етіп декоративті қаланған кірпіштерден тұрады. Осы әдіспен терезе үсті де әшекейленген. Ғимараттың көше жақ беті кішірек, жартылай шығып тұрған тік бұрышты колоннадамен толықтырылған.

Ғимараттың бөлмелері дәліздік жүйеде орналасып олар көше және аула жақтарға бағдарланған. Ішкі келбетінде мәнерлі бөлшектер қолданылған. 1970 жылдары құрылыстың ансамбілімен сәйкестендіріп қосымша бөлім салынып, үсті қаңылтырмен жабылған.

Құрылыс алғашқы (1875-1885 жж.) жобасында ұзындығы 30 м, ені 12,7 м, іші 7 үлкен бөлмелер мен фойеден және дәліз-корридордан тұрады. Ал, 1970 ж. қосымша екі жағынан қосылған бөлмелер негізінде ұзындығы 52,5 метрге ұзарған және оңтүстік батыс беті 2,6 м ұлғайтылып 15.3 м жеткен. Бөлмелері де көбейтіліп 15-ке жеткен, одан басқа төрт кішігірім дәліз бен ұзындығы 22 метрлік үлкен залмен толықтырылған. Бұл кезде құрылыста қаладағы мемлекеттік банк мекемесі орналасқан болатын.

1875-1885 жж. салынған алғашқы ғимарат Түркістан қаласына орналасқан атқыштар батальонының әскери штабы ретінде пайдаланылған.

1994 жылғы «Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштер шежіресінің» Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша жинағына №594.1 санды нөмірімен енгізіліп мемлекет қарауына алынған. (Малиновская, 1994)

Түркістандағы Анарбай бай тұрғызған тіркеспе үйлерінің бірі атқару комитетіне тиесілі ғимарат. Бұл тіркеспе үй күйдірілген қыштан салынған. Төбесіне қамыс салып, лай құйып, арнайы жабындымен жабылған. Түрлі мақсатқа пайдаланылған бөлмелері бар. Тіркеспенің едендері қайың ағашынан салынған. Бұл үй XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында салынған. Анарбай байдың дүниелері тәркілеуге алынған соң тіркеспе үйі Түркістан қалалық атқару комитетінің қарамағына алынған. Бүгінгі таңда ғимарат Түркістан сәулет-құрылыс мекемесінің қарамағында тұр. Ғимарат мемлекет қарауына алынған.

Бұдан бөлек, XX ғасырдың басында салынған Түркістан шаһарында мұндай тіркеспе үйдің жиырмадан астам түрі сақталған. Тіркеспе үйлері ескі вокзал аумағында теміржолшыларға арналып салынған (Сурет 5).



Сурет 5. Тіркеспе үй

Шығыстың орманды дала алқабында қалыптасқан, қаңқасы бұтақтармен шабақталған шарбақтан құрастырылатын, іші-сырты сыланып тасталатын тұрақты баспаналардың көне нұсқасы – шарбақты үй. Төбесінің құламасы бас жағын буған қамыспен нешетүрлі шөп-шалаңмен жабылатын болған. Ортасында от жағылатын төбесіндегі түтін тартатын ойықтың

мұржасы шыбықталып, балшықпен сыланған. Кейінгі кездері қазақ даласында шарбақты үй қора-қопсының қызметін атқарып келеді.

Қазақтар шатырлы ағаш үйдің шаршысы созылыңқылау келетін, қабырғасы ағаш кеспектерімен қаланатын түрін – қыстық үй деп атаған. Қыстық үйдің кіре берісінде үйді жылытатын, қазан асып, тамақ әзірлейтін оттығы болған.

Ғалым-этнограф Ө.Жәнібеков және басқа да зерттеушілердің пікірінше, қыстық баспана XVIII-XIX ғасырларда Шығыс Қазақстанға жаңадан қоныс аударғандың ықпалымен пайда болған тұрғын үйдің үлгісі деп жорамалдайды. Қыстық үйдің әшекейлі ою-өрнегі жөнінде мәліметтер сақталмағандығын жазады.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, Қазақстан территориясында алғашқы қауымдық құрылыс, сақ, ғұн, түркі, одан кейінгі қазақ хандығы дәуірінен бүгінгі күнге дейін өмір сүрген тайпалар мен ұлыстардың тұрақты баспаналарының сан алуан түрі болды және оның атауына аса мән берді. Тұрақты баспаналарды қазақ тарихынан, өткен жолынан бөліп қарауға болмайды деген тұжырымға келеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

Акышев К. А., Байпаков К. М., & Ерзакович Л. Б. (1975). *Отрар XVI–XVIII веков по итогам раскопок 1971–1973 годов*. В *Древности Казахстана* (35 с.). Алматы.

Жәнібеков Ө. (1995). *Жолайрықта*. Алматы: Рауан. 49 б.

Қазақтың этнографиялық категориялары, ұғымдары мен атауларының дәстүрлі жүйесі: *Энциклопедия* (Н. Әлімбай, ғылыми ред.). (2012). Алматы. 736 б.

Малиновская Е. Г. (1994). Штаб гарнизонный, XIX в. В *Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область* (с. 282–283).

Маргулан А. Х. (1950). *Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана*. Алма-Ата. 10 с.

Меңдікұлов М. (1959). *Қазақстан архитектурасының XIX ғасырдағы және XX ғасырдың бас кезіндегі сипаты жөнінде*. В *Қазақстан архитектурасы* (155 б.). Алматы.

Руденко С. И. (1927). *Очерк быта казахов бассейна рек Уила и Сагыза*. В *Антропологические очерки* (9–10 с.). Ленинград.

Тәжімұратов Ө. (1977). *Шебердің қолы ортақ*. Алматы. 22 б.

Тұякбаев М., Өсеров Ұ., Күмісбаева Ұ., & Мұсабаев Қ. (2010). *Түркістан археологиялық отрядының Хан ордасы территориясында 2008–2010 жж. аралығында жүргізген қазба жұмыстарының есептері*. Түркістан. 9–10 бб.

Фазлаллах ибн Рузбихан Исфাহани Хунжи. (1976). *Мехманнаме-йи Бухара*. Тегеран. 85 б.

REFERENCES

Akishev K. A., Baipakov K. M., & Erzakovich L. B. (1975). Otrar XVI–XVIII vekov po itogam raskopok 1971–1973 godov [Otrar in the 16th–18th Centuries Based on the Results of the 1971–1973 Excavations]. In *Drevnosti Kazakhstana* [Antiquities of Kazakhstan] (p. 35). Almaty. (In Russian).

Alimbay N. (Ed.). (2012). *Qazaqtyñ etnografialyq kategorialary, ŭğymdary men ataularynyñ дәстүрлі жүйесі* [Traditional System of Kazakh Ethnographic Categories, Concepts and Terms]. Encyclopedia. Almaty. 736 p. (In Kazakh).

Fazlallah ibn Ruzbihan Isfahani Khunji. (1976). *Mehmanname-yi Bukhara* [The Guest Book of Bukhara]. Tehran. 85 p. (Original work in Persian).

Malinovskaia E. G. (1994). Shtab garnizonnyi, XIX v. [Garrison Headquarters, 19th Century]. In *Svod pamyatnikov istorii i kul'tury Kazakhstana. Yuzhno-Kazakhstanskaya oblast'* [Corpus of Historical and Cultural Monuments of Kazakhstan. South Kazakhstan Region] (pp. 282–283). Almaty. (In Russian).

Margulan A. Kh. (1950). *Iz istorii gorodov i stroitel'nogo iskusstva drevnego Kazakhstana* [From the History of Cities and Architecture of Ancient Kazakhstan]. Alma-Ata. 10 p. (In Russian).

Mendikulov M. (1959). Qazaqstan arkhitekturasynyñ XIX ǵasyrdaǵy jáne XX ǵasyrdyñ bas kezindegi sipaty jóninde [On the Characteristics of the Architecture of Kazakhstan in the 19th and Early 20th Centuries]. In *Qazaqstan arkhitekturasy* [Architecture of Kazakhstan] (p. 155). Almaty. (In Kazakh).

Rudenko S. I. (1927). Ocherk byta kazakov basseina rek Uila i Sagyza [An Outline of the Life of the Kazakhs of the Uil and Sagyz River Basins]. In *Antropologicheskie ocherki* [Anthropological Essays] (pp. 9–10). Leningrad. (In Russian).

Tazhimuratov A. (1977). *Sheberdin qoly ortaǵ* [The Master's Hand Belongs to Everyone]. Almaty. 22 p. (In Kazakh).

Tuiakbayev M., Oserov U., Kumisbaeva U., & Musabaev K. (2010). *Türkistan arkheologiyalyq otriadynyñ Khan ordasy territoriyasynda 2008–2010 zhzh. aralyǵynda júrgizgen qazba zhūmystarynyñ esepтери* [Excavation Reports of the Turkestan Archaeological Expedition Conducted in the Khan's Horde Territory in 2008–2010]. Turkistan. pp. 9–10. (In Kazakh).

Zhanibekov O. (1995). *Zholaiyryqta* [At the Crossroads]. Almaty: Rauan. 49 p. (In Kazakh).

Автор туралы мәлімет:

Байболов Берік Қыстаубайұлы – «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы. Ғылыми зерттеу бөлімінің басшысы. 161200. Әйтеке би 1 б. Қазақстан Республикасы, Түркістан қаласы. e-mail: baybol81@mail.ru

Information about the author:

Baibolov Berik Kystaubaeovich – National Historical and Cultural Museum-Reserve “Azret Sultan”. Head of Research Department. 161200. Aiteke bi, 1B. Republic of Kazakhstan. Turkestan city. e-mail: baybol81@mail.ru

Сведение об авторе:

Байболов Берик Кыстаубаевич – Национальный историко-культурный музей-заповедник «Әзірет Сұлтан». Руководитель научно-исследовательского отдела. 161200. Айтеке би 1б. Республика Казахстан, г.Туркестан. e-mail: baybol81@mail.ru

М.Тұяқбаев¹, Н.Таджибаев^{1✉}

¹«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы РМҚК, Түркістан,
Қазақстан Республикасы

✉e-mail: nurzhan-16@mail.ru

ӘМІР ЖАКУДІҢ ҰРПАҒЫ ӘМІРЗАДА ӘЛИ

Аңдатпа

Бұл мақала «Әзірет Сұлтан» кесенесіндегі ең көне жәдігерлердің бірі — XV ғасырға жататын Әмірзада Әлидің мәрмәр құлпытасын және оның тарихи тұлғасын зерттеуге арналған. Автор «Мәдени Мұра» бағдарламасы аясында жарық көрген «Му'изз ал-ансаб» атты парсы шежіресіне сүйене отырып, Әмірзада Әлидің Әмір Темірдің билікке келуіне көмектескен Әмір Жакудің ұрпағы екендігін дәлелдейді. Жұмыста XIX–XX ғасырлардағы Түркістан некрополін зерттеген ғалымдардың (П.И. Лерх, М.Е. Массон, Ә. Дербісәлиев т.б.) еңбектеріне тарихи шолу жасалып, бұл құлпытастың ұзақ уақыт бойы ғылыми айналымнан тыс қалу себептері сөз болады. Сонымен қатар, Әмірзада Әли тасының төрт жағы түгел жазумен көмкерілген трапециялық пішіні мен өзіндік сталактит белдемшесі сипатталып, оның Самарқан стилінен өзгешелігі және Жәнібек ханның қызы Аман Бике ханымның (1518 ж.) құлпытасымен архитектуралық ұқсастығы анықталған.

Кілт сөздер: Әзірет Сұлтан, Әмірзада Әли, Әмір Темір, құлыптас, археология.

M.Tuiakbayev¹, N.Tazhibayev^{1✉}

¹ National Historical and Cultural Museum-Reserve «Azret Sultan», Turkestan, Republic of
Kazakhstan

✉ e-mail: nurzhan-16@mail.ru

AMIRZADE ALI, A DESCENDANT OF AMIR JAKU

Annotation

This article is dedicated to the study of the historical figure of Amirzade Ali and one of the oldest artifacts in the Hazret Sultan mausoleum — his marble tombstone (kulpytas), dating back to the 15th century. Drawing upon the Persian shezhere 'Mu'izz al-ansab,' published under the 'Cultural Heritage' program, the author proves that Amirzade Ali is a descendant of Amir Jaku, who provided significant assistance to Amir Timur during his rise to power. The paper presents a historical overview of the works of 19th–20th century scholars (P.I. Lerch, M.E. Masson, A. Derbisaliev, etc.) who investigated the Turkestan necropolis, and examines the reasons why this tombstone remained outside of scientific discourse for a long time. Furthermore, the trapezoidal shape and unique stalactite belt of Amirzade Ali's tombstone, which is entirely covered with inscriptions on all four sides, are described, highlighting its differences from the Samarkand style and its architectural similarity to the kulpytas of Janibek Khan's daughter, Aman Bike Khanym (1518).

Keywords: Hazret Sultan, Amirzade Ali, Amir Timur, tombstone (kulpytas), archaeology.

*Cite us correctly:

М.Тұяқбаев, Н.Таджибаев. (2026). Әмір Жакудің ұрпағы Әмірзада Әли. *Turan Archaeology*, 1(1), 54-60. Мақаланың редакцияға түскен күні 27.06.2026/ қабылданған күні 28.06.2026.

М.Тұяқбаев¹, Н.Таджибаев^{1✉}

¹Национальный историко-культурный музей-заповедник «Эзирет Сұлтан», Туркестан,
Республика Казахстан

✉e-mail: nurzhan-16@mail.ru

АМИРЗАДЕ АЛИ, ПОТОМОК АМИРА ЖАКУ

Аннотация

Данная статья посвящена исследованию исторической личности Амирзаде Али и одного из старейших артефактов в мавзолее «Хазрет Султан» — его мраморного надгробия (кулпытаса), датируемого XV веком. Опираясь на персидский шежере «Му'изз ал-ансаб», опубликованный в рамках программы «Культурное наследие», автор доказывает, что Амирзаде Али является потомком Амира Жаку, который оказал значительную помощь Амиру Тимуру при его приходе к власти. В работе представлен исторический обзор трудов ученых XIX–XX веков (П.И. Лерха, М.Е. Массона, А. Дербисалиева и др.), исследовавших Туркестанский некрополь, а также рассматриваются причины, по которым данное надгробие долгое время оставалось вне научного оборота. Кроме того, описываются трапециевидная форма и уникальный сталактитовый пояс надгробия Амирзаде Али, покрытого надписями со всех четырех сторон, выявляются его отличия от самаркандского стиля и архитектурное сходство с кулпытасом дочери Джанибек-хана — Аман Бике ханым (1518 г.).

Ключевые слова: Хазрет Султан, Амирзаде Али, Амир Тимур, надгробие (кулпытас), археология.

Кіріспе

«Эзирет Сұлтан» кесенесі мен Рабия Сұлтан Бегім кесенесінде бүгінгі күні 46 құлпытас сақталған, олардың 40-дағы жазулар оқуға келеді. Алайда, төрт құлпытастағы адам есімі сақталмаған. Ең көнелері XVғ. жататын үш мәрмер құлпытас. Олар, «Ходжа» деген дәрежесі ғана сақталған, 1431 жылы қайтыс болған адам мен Әмірзада Әлидікі және Рабия Сұлтан Бегімдікі.

Осы Әмірзада Әли деген адамды бұдан 20 жыл бұрын жазылған еңбегімізде атап өтіп Әмір Темірдің мемлекет басына келуіне көп жәрдем берген Әмір Жакудің ұрпағы емес пе екен деген болжам ұсынғанбыз (Тұяқбаев, 2000b).

«Мәдени Мұра» бағдарламасы аясында жинақталып жарық көрген парсы деректеріне сүйене отырып мұны дәлелдеудің сәтті түсті. 2006ж. жарияланған «История Казахстана в персидских источниках» деген жинақтың III-томы Шыңғыс пен Темір әулеттерінің шежіресін баяндайтын «Муизз ал-ансаб» атты еңбекке арналған (История Казахстана ... 2006) (Әрі қарай – ИКПИ деп жазылады).

Зерттеуде бұл шежіре жайлы толық мәлімет беріліп, оның авторлары бірнеше адамнан тұрғандығы және оның Шахрухтың тұсында (1426-1427жж.) басталып Хұсейн Байқараның тұсында (1486-1488жж.) аяқталғаны сөз болады.

Көптеген тарихи, жазба деректерде Әмір Темірдің ата-бабасының шежіресі Шыңғыс ханның шыққан тегімен тығыз байланысты таратылады (Семенов, 1989). Мұның толық көрінісін «Му' изз ал-ансаб» шежіресінен де табамыз, онда Дубун-Байан мен Аланкуваның Бугунутай және Билгулутай атты ұлдары болғандығы, алайда, Дубун-Байан қайтыс болған соң да Аланкува қасиетті сәуледен жүкті болып үш ұл тапқаны айтылады. Аланкува оларды Буки-Кигин (кейіннен Киги руының атасы), Букаджи-Салджи (Салджийут руының бұл балаларын түн ортасында келетін көгілдір көзді, алтын түстес адамнан көтергеніне ант етеді (История Казахстана ... 2006).

Біз қарастырған көптеген деректерде келтірілетін Шыңғыс пен Темірдің ата-бабалары шежірелеріндегі адам аттарының аталуы, жазылуы және санынада айырмашылықтар бар екенін ескертіп өткіміз келеді, мысалы, Будунджар деген аталары – Бузанджир, Боданжар, Борончар және тағы басқа нұсқада кездеседі. Негізгі қарастыратын дерегіміз «Му'изз ал-

ансаб» болғандықтан осындағы есімдердің нұсқасын алғанды жөн көрдік. Бұл бойынша Будунджардан Бука, одан Тутумин, одан Кайду, одан Байсунгур, одан Туманай, одан Качули және Кабул деген егіз ұл, Кабулдан Бартан, одан Ийсугай, одан **Чингиз хан** туады, ал, Качулидан **Ирдамчи**, одан Суку-Сичан, одан **Карачар**, одан Иджил, одан Буракил, одан Тургай (Тарагай), одан **Әмір Темір** туады (История Казахстана ... 2006). Мұндағы **Ирдамчи** барлас деген атасын Гөр Әмір кесенесіндегі Темірдің басына қойылған құлпытастан алдық, сонымен бірге, бұл таста және Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің Қабірхана есігінде Иджил (Альджил) мен Буракилдің (Беркел) ортасындағы **Айленгир (Эйленгер)** деген де атасы болғандығы жазылған. Жоғарыдағы егіз ұл Кабул мен Качули Боржигин және Барлас руларының аталарына айналады, тарихтан Шыңғыс ханның боржигин, Әмір Темірдің барлас екендігі мәлім.

Біздің мақалаға арқау болған Әмізада Әлиге келсек оның да ата-баба шежіресін осы «Му изз ал-ансаб» еңбегінен табамыз. Осы тұста артқа шегініс жасап құлпытастардың зерттеу тарихына үңіле кетейік.

1864ж. Түркістан Ресей бодандығына өткен соң қалаға көптеген орыс шығыстанушы ғалымдары іс-сапармен келіп кетті, солардың ішінен кесене ғана емес ондағы құлпытастар мен олардың эпитафиялық жазуларына көңіл аударғандары П.И.Лерх, П.Н.Ахмеров, Н.И.Веселовский және М.Е.Массондар болды (Лерх, 1870). 1867ж. келген П.И.Лерх кесенедегі барлық құлпытастардың жазуларының көшірмесін жасап аударуға тырысты. Алайда, ол өз мақаласында Рабия Сұлтан Бегім мен Сүйініш қожа ханның құлпытастарындағы жазуларды ғана жариялап, қалғандарын XVI ғасырдағы ортаазиялық палеографиялық ескерткіштер жинағы ретінде баспанадан шығаруға уәде етеді. Біздің ойымызша тек осы П.И.Лерхтың қолжазбаларының ішінде ғана Әмізада Әлидің құлпытасындағы жазулар аудармасы болуы мүмкін, өкінішке орай, қолжазба жарияланбай қалған сияқты. 1894ж. А.А.Диваевтің атсалысуымен кесене қабырғаларындағы, құлпытастардағы жазулар көшіріліп, Қазан университетіне жіберіліп, оны аударумен П.Н.Ахмеров айналысады. Аударылған 30-ға жуық мәтіннің 15-і құлпытастардағы жазулар, алайда, олардың ішінде Әмізада Әлидің тасының эпитафиясы жоқ.

1905ж. Түркістанға келген Н.И.Веселовскийдің есебінде тек Рабия Сұлтан Бегімнің құлпытасындағы жазулар әңгіме болды.

Ал, 1928ж. құлпытастарды көріп зерттеген М.Е.Массон да жоғарыдағы екі адамның тастарындағы жазуларды оқып шығып т.б. осында жерленген бірнеше адамның есімдерін атап қана өтеді (Массон, 1930).

Бертініректе (1978-1981жж.) құлпытастардағы жазуларды белгілі арабист ғалым Ә.Дербісәлиев аударып шықты. 1995ж. «Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайының тапсырмасымен Өзбекстандық ғалымдар Б.М.Бабаджанов пен Ә.К.Муминовтар тастардағы жазуларды эстампқа түсіре отырып аударды, мұндай жағдайда бұрын байқалмаған үтір, нүкте, сызықша сияқты диакритикалық белгілерді толық көре отырып, оқуда қате жіберу мүмкіндігі барынша азаятындығы белгілі. Алайда, Ә.Дербісәлиев аудармасын жасаған 32 тастың тоғызы табылмады, бірақ бұрын бегісіз болып келген 10 тастың жазулары аударылды (Перевод эпитафий ... б.д.). Бір қызығы, Әмізада Әлидің құлпытасы жайлы дерек Ә.Дербісәлиевте де кездеспейді, ұзындығы 1,5 метрге жуық бұл тастың қалайша қағыс қалғаны түсініксіз. Сонымен, жалпы саны 46 құлпытастың алтауында мүлде жазу жоқ, қалғанының үшеуінде «Ходжа...», «тоғызжүз...» және «...Сұлтан...» деген сөздер ғана сақталған (Қаз дауысты Қазыбектің тасында да адам есімі сақталмаған).

Әмізада Әлидің құлпытасы ХХғ. 80-ші жылдары «Қазандық» бөлмесінде орналасқан болатын, бірақ біз кесенедің ең алғашқылардың бірі болып жерленген бұл адамның мәйіті басқа жерде – «Қабірхана» бөлмесінің екі жанымен өтетін дәліздердің бірінде жатуы мүмкін дейміз. Құлпытасы мәрмәр болғанымен «Самарқанның көк тасы» емес, олардағы сияқты ақ жолақ, не ақ таңбалары жоқ, бір түсті сұр тас. Басқа тастардан ерекшелігі-жарма көрінісінде тас трапецияға ұқсас, іргесінен жоғары қарай екі қабырғасы екі жаққа кеңейе береді және жоғарғы жиегін айналдыра жазылған жазудың астымен сталактит түрінде ойылып жасалған белдемше

жүргізілген, сонымен бірге, тастың төрт жақ беті түгел жазумен көмкерілген. Ал, Самаркан ұсталары қолынан шыққан тастар жарма көрінісінде тік төрт бұрышты болып келеді жарма көрінісінде тік төрт бұрышты болып келеді және екі бүйір беттерінің жиегімен ғана жазу өтіп ортасына өсімдік тектес ою-өрнек түсіріледі, сталактит белдемше мүлде жоқ. Мұндай сталактит жолағы бар екінші тас алғашқы қазақ ханы Жәнібектің 1518ж. қайтыс болған қызы Аман Бике ханымға тиесілі, ол «Кіші Ақсарай» бөлмесінде орналасқан болатын (Тұякбаев, 2000а).

Әмірзада Әлидің тасының ұзындығы 144см, ені-33см, биіктігі 47см тең. 1995 жылы аударма жасаған Б.Бабаджанов пен Ә.Муминов кесенедегі тастар жайлы неміс ғалымы Ю.Паульмен бірігіп шығарған «Погребальная эпиграфика Шайбанидов» деген еңбектерінде арнайы тоқталады, алайда, бұл еңбекте Рабия Сұлтан Бегімнің, Аман Бике ханымның, Сүйінішқожа ханның және оның Келді Мұхаммед Сұлтаннан туған немересі Құл Мұхаммед Сұлтанның тастарындағы жазулар ғана берілген (Бабаджанов & т.б., 1997).

Енді Әмірзада Әлидің құлпытасындағы жазуларға түпкілікті тоқталайық, алдымен тас және аударма жайлы Бахияр Бабаджановтың өз қолымен орысша жазылған есебінен үзінді келтірейік: «По боковым поверхностям – фрагменты из Корана. Почерк - сульс. Надписи верхней поверхности стерты полностью. По торцам: (текст написан арабским шрифтом) Перевод: «Эта могила токойного, прощенного Амирзада Али ибн Амирзада мархум мирзо Бурундук ибн Амир Джахан шах ибн Амир Джоку. Умер в месяце шавваль года 841 (март-апрель 1438г.). Написал это Хафиз Низам». Таким образом, мы имеем крайне редкое явление-имя каллиграфа не надгробии» (Муминов & т.б., 1995).

Әмірзада Әлидің ата-бабалары Әмір Темірмен Карачардан барып қосылады, жоғарыда Карачар-Иджил-Айленгир-Буракил-Тургай-Әмір Темір деп ол бұтақты тізгенбіз. Ал, Әмірзада Әлидің тізбесі Карачар-Ширага-Кадан-Туган Шир-Мубарак-Чаку (Джоку)-Джахан шах-Пир Султан (Бурундук)-Али деп тізіледі (История Казахстана ... 2006). Мұндағы Карачар жайлы түркі және монғол тарихшылары көптеген дерек қалдырған, олардың ең маңыздысы Шыңғыс ханның ережелері мен заңдарын құрастырушы Карачар деп аталатын мәлімет. Сонымен бірге, Шыңғыс хан Шағатайға Алтайдан Сырдың орта ағысына дейінгі жерлер мен Амударияның бар аймағын беріп, әскерінің бір бөлігіне Карачар ноянды басшы етіп бөліп берді дейді тарихшылар. Ол кейінірек бүкіл Иран мен Тұранның билеушісіне айналған ұлы әмір Сахаб Қыранның (Темірдің) бесінші атасы болатын (История Казахстана ... 2006). Сонан соң Карачардың 15 ұлы аталып, оның бірі Ширага екендігі, оның ұлы Кадан, немересі Туган Шир, шөбересі Мубарак екендігі айтылады. Әрі қарай Әмір Чаку (Джоку) Мубарактың екінші ұлы екендігі және оның Әмір Сахыб Қыранның тұсында Үндістанға билеуші болып тағайындалғаны, қызметінде әмір әл-умара (әмірлердің әмірі) дәрежесіне жеткендігі сөз болады (История Казахстана ... 2006). Әмір Темір өзінің «Әмірбаянында» әмір «Джагу Барластың» өзіне әрқашанда адал болып билікке жетуіне жәрдем бергенін оннан аса рет атап өтеді (Автобиография Тамерлана, 1992). Әмір Темірдің тағы бір еңбегі «Заңдар жинағында» да (Уложение) Әмір Джакудың есімі бірде «Әмир Джаку», бірде «әмир Яку Барлас» түрінде бірнеше рет аталады да оның өзіне адал серіктесі ретінде көп қызмет еткені ерекше бағаланады (Уложение Тимура, 1904). Барластарды өз туыстары ретінде Әмір Темірдің қатты қолдағаны белгілі, ол өз жазбаларында 100 барласты мыңбасы еткенін, 4 барласты бас әсербасы ретінде (Әмірлер Джаку, Құдайдат, Екі-Темір, Сүлеймен-Шах) шекаралық аймаққа әмір етіп тағайындағанын жазады. Соның ішінде Әмір Джакудың адалдығын былайша атап өтеді: «Офицер верность которого непоколебима в минуту неудачи, среди всех случайностей, поистине достоин имени брата. Так, я не забыл этого правила, видел дезертировавшими начальников армии Кеша. Исключая эмира Яку-Барласа, никого не осталось возле меня, чтобы разделить мою участь. Я смотрел на верного барласа, как на брата и товарища по счастью, я дал ему звание главнокомандующего с управлением областями Хиссара и Балха» (Уложение Тимура, 1904).

Әмір Джакудың ұлы Джахан шах та әмір әл-умара болып Сахыб Қыранға (Темірге) қызмет етеді. Әмір Темір оны өзінің ұлы әмір-зада Умар-шайхтың орынбасары етіп

тағайындап Әзірбайжанға жібереді. Джахан шах туралы деректер Ғиас ад-дин Әлидің «Темірдің Үндістанға жорығының күнделігі» атты еңбегінде де кездеседі (Гийасаддин Али, 1958). Онда Джахан шахтың Әмір Темір әскерінің сол жақ флангасын басқарған әмірлердің бірі болғандығы айтылады. Джахан шахтың ұлы Бұрындықтың шын аты Пір Сұлтан, бұл жайлы «Му' изз ал-ансаб» еңбегінде «Его сыновья (Джахан шаха)... Пир Султан, известный как Бурундук, сыновья последнего (Бурундука)-Али (Амрзада) амир тумана при покойном хакане Шахрух-бахадуре. Его сыновья – Мухаммад Али, Мухаммад Касим, Мухаммад Бурундук...» деп толық мәлімет беріледі (История Казахстана ... 2006). Бұл үзіндіден біз Бұрындықтың осы мақалаға себепкер болған Әмірзада Әлидің әкесі екендігі, яғни, құлпытастағы Джаку-Джахан шах-Бұрындық-Әмірзада Әли тізбесінің бұлтартпас дәлелін көріп отырмыз. Сонымен бірге, аталған еңбекте Бұрындық Барластың Әмір Темірдің әскербасыларының қатарында болып «Тувачи» (ерекше мемлекеттік тапсырма орындаушы) қызметін атқарғаны келтірілген және бұл **тувачилер** тізімінен оның атасы Чаку Барлас пен әкесі Джахан шах Барластың да есімдерін ұшыратамыз. Әмірзада Әлидің өзі де Шахрухтың тұсында түмен басқарған әмір болғандығы жоғарыдағы үзіндіден көрдік. «Му' изз ал-ансаб» тізімінде ол туралы «Амир Али-тархан, амир дивана, командовавший туманом» деген дерек бар. «Туман» немесе **түмен** деп 10 мың әскер шығара алатын әкімшілік аймақты атайтынын Ибн Арабшах жазып кеткен. Кебек ханның (1318-1326) Мауараннахрды әкімшілік бөліктер – **түмендерге** бөлгенін пайдаланған Әмір Темір түменбасылары мен мыңбасыларын көптеп тағайындағаны белгілі. Жоғарыдағы Әлидің өзі **тархан** деген атағы арқылы барлық салық түрінен азат болды, ал **диван әмірі** дегені **уәзір** деңгейіндегі мемлекеттік қызметі болатын және **түменбасы** дегені оның әскери билік дәрежесі екендігін А.Ю.Якубовскийдің «Тимур» деген еңбегінен біле аламыз (Якубовский, 1946). Ғалым А.Ю.Якубовский өзінің жоғарыда аталған еңбегінде эпиграфиялық материалдар сенімді құжат деп есептелгенімен оларға сын көзбен қарау қажет екендігіне және олардағы мәліметтердің шындыққа қанша жақын екендігін тексеру керектігіне назар аударады. Әрі қарай Әмір Темірдің барлас әмірі Тарағайдың ұлы екендігі және Шыңғыс әулетіне ешбір қатысы жоқтығын атап өтіп, өзі қарастырған Ғиас ад-дин Әлидің, Низам ад-дин Шәмидің, Шараф ад-дин Әли Иездидің, Муин ад-дин Натанзидің, Хафиз Абрудың, Әбд ар-Раззақ Самарканди мен Михондтың, ибн Арабшахтың, Рюи Гонсалес де Клавихоның еңбектерінде бұл жайлы ешбір дерек жоқтығына көңіл бөледі. Сонымен бірге, бұл екі әулеттің байланысы жайлы алғаш рет Гөр-Әмірдегі нефрит құлпытасқа жазылған эпиграфиядағы қолдан жасалған шежіреде айтылғанын мәлімдейді (Якубовский, 1946). Бұл еңбек 1946ж. жазылған, ал, 1894ж. түркі тілінен аударылып басылған «Темірдің Әмірбаянында» оның әкесі былай дейді: «Выслушай и запомни те наставления, которые я тебе теперь дам. 1. Почитай и не забывай своих предков, помни, что ты, Тимур, сын Тарагая, Тарагай сын амира Баргуль сын амира Илынгыза (Айленгер болуы керек), Илынгыз сын Богадура (Иджил болуы керек), Богадур сын Анджаль-нуяна (Карачар ноян болуы керек), Анджаль-нуян сын Суюнчи, Суюнчи сын Ирдамчи-барласа, Ирдамчи-Барлас сын Качули-Багадура, Качули-Багадур сын Түмен хана, который был родственником сына Яфиса. Из наших дедов Караджар-Нуян первый познал... истинности ислама...» (Якубовский, 1946). Көріп отырғанымыздай, адам аттары басқаша жазылғанымен Темірдің 9-шы атасы Түмен ханға (Туманай хан) дейінгі аттары түгел қамтылған, ал, Түмен ханға дейінгі бес атасы Боржигин руына жатады. Жоғарыда айтқанымыздай, Түмен ханның (егіз сыңары) Хабул деген ұлы Шыңғыс хан әулетінің басы болып олар Боржигин болып қалады да, егіздің екінші сыңары Қажылдан (Кучули) Барлас руы тарайды. Егер, шынымен тарих бұрмалаған болса, тап осы жерде – Хабулға егіз етіп Қажылды қосқан тұста болған сияқты. Әмір Темір әкесінің жоғарыдағы өсиетін 16 жасында (1351жыл) естиді, дегенмен, бұл «Әмірбаянға» да сын көзбен қарау керек сияқты. А.Ю.Якубовский атап өткен авторлар Темірді қартайған шағында көргендер, егер «Әмірбаянды» Әмір Темірдің өзі айтып отырып жаздырғаны анық болса, ондағы деректерді әлігі авторлардың білмеуі немесе естімеуі мүмкін емес.

Әзірет Сұлтан кесенесінің Қабірхана бөлмесінің есігінің үстіндегі керамикалық тақтада Әмір Темірдің Торғай/Тарағай-Буракил-Илингир-Иджил-Қараджар/Қарачар Әмірзада Әлидің

атасы Әмір Джакудің де бесінші атасы, таратып айтсақ: Қарачар-Шираға-Қадан-Туған Шир-Мүбәрәк-**Джаку**. Джаку мен оның ұлы Джахан шах Әмір Темірдің оң қолы болса, немересі Бұрындық (Пір Сұлтан) мен шөбересі Әмірзада Әли Шахрухтың заманында дүрілдеді. Әмірзада Әли де, оның әкесі Бұрындық та, атасы Джахан шах та, ұлы атасы Джаку де өз кезінде «тувачи» (тавачи) деген қызметке ие болған, ол атақ мемлекеттік билеушінің ерекше тапсырмаларын орындайтын ең сенімді адамдарына ғана берілген.

Қорыта айтсақ, Әзірет Сұлтан кесенесіне ең алғашқылардың бірі болып жерленген Әмірзада Әлидің Шарухтың тұсында (1409-1447жж.) оның Мауараннахрдағы иеліктерінің бірінде **түмен әмірі, әскербасы**, салықтың барлық түрінен босатылған **тархан** және мемлекеттің ең жауапты тапсырмаларын орындайтын **тувачи** қызметтерін атқарға тарихи тұлға болғанын көреміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

Автобиография Тамерлана. (1992). В *Тамерлан: Эпоха. Личность. Деяния* (с. 47–109). Москва.

Бабаджанов Б., Муминов А. К., & Пауль Ю. (1997). *Погребальная эпиграфика Шайбанидов*. Висбаден.

Гийасаддин Али. (1958). *Дневник похода Тимура в Индию*. В *Тамерлан: Эпоха. Личность. Деяния* (с. 187–298). Москва.

История Казахстана в персидских источниках. Т. III. *Му'изз ал-ансаб (Прославляющее генеалогии)*. (2006). Алматы.

Лерх П. И. (1870). *Археологическая поездка в Туркестанский край в 1867 году*. Санкт-Петербург: Типография Императорской академии наук.

Массон М. Е. (1930). *Мавзолей Ходжа Ахмеда Ясави*. Ташкент.

Муминов А. К., Жандарбеков З., & Бабаджанов Б. (1995). *Отчет по предварительным исследованиям погребальной эпиграфики комплекса Ходжа Ахмад Яссави* (Рукопись). Архив музея-заповедника «Азрет Султан», Туркестан.

Перевод эпитафий надгробных плит. (б. д.). Подготовил А. Дербисалиев. Рукопись. Архив музея-заповедника «Азрет Султан».

Семенов А. А. (1989). Надписи на надгробиях Тимура и его потомков в Гур-и Эмире. В Б. Т. Туякбаева, *Эпиграфический декор архитектурного комплекса Ахмеда Ясави* (с. 35). Алма-Ата.

Тұякбаев М. (2000а). *Түркістанда жерленген тарих тұлғалар*. Алматы.

Тұякбаев М. (2000б). Қожа Ахмет Иасауи кесенесінде жерленген «Мұхаммед ұрпақтары». В *Түркістан сырлары* (61-б.). Алматы.

Уложение Тимура. (1904). В *Тамерлан: Эпоха. Личность. Деяния* (с. 110–298). Москва.

Якубовский А. Ю. (1946). Тимур. В *Вопросы истории*, 8–9. Переиздано в: *Тамерлан: Эпоха. Личность. Деяния*. Москва.

REFERENCES

Autobiografiia Tamerlana [Autobiography of Tamerlane]. (1992). In *Tamerlan: Epokha. Lichnost'. Deianiia* [Tamerlane: Epoch. Personality. Deeds] (pp. 47–109). Moscow. (In Russian).

Babadzhanov, B., Muminov, A. K., & Paul, Yu. (1997). *Pogrebal'naia epigrafika Shaibanidov* [Funerary Epigraphy of the Shaybanids]. Wiesbaden. (In Russian).

Giasaddin Ali. (1958). *Dnevnik pokhoda Timura v Indiiu* [Diary of Timur's Campaign to India]. In *Tamerlan: Epokha. Lichnost'. Deianiia* [Tamerlane: Epoch. Personality. Deeds] (pp. 187–298). Moscow. (In Russian).

Istoriia Kazakhstana v persidskikh istochnikakh. Tom III. Mu'izz al-ansab (Proslavliaiushchee genealogii) [History of Kazakhstan in Persian Sources. Vol. III. Mu'izz al-Ansab (Glorifying Genealogies)]. (2006). Almaty. (In Russian).

Lerkh, P. I. (1870). *Arkheologicheskaya poezdka v Turkestanskii krai v 1867 godu* [Archaeological Journey to Turkestan in 1867]. St. Petersburg: Tipografiia Imperatorskoi Akademii Nauk. (In Russian).

Masson, M. E. (1930). *Mavzolei Khodzha Akhmeda Iasavi* [Mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi]. Tashkent. (In Russian).

Muminov, A. K., Zhandarbekov, Z., & Babadzhanov, B. (1995). *Otchet po predvaritel'nyim issledovaniyam pogrebal'noi epigrafiki kompleksa Khodzha Akhmad Iassavi* [Report on the Preliminary Study of the Funerary Epigraphy of the Khoja Ahmad Yasawi Complex] (Manuscript). Archive of the Hazret Sultan Museum-Reserve, Turkestan. (In Russian).

Perevod epitafii nadgrobnykh plit [Translation of the Epitaphs of Tombstones]. (n.d.). Prepared by A. Derbisaliyev. Manuscript. Archive of the Hazret Sultan Museum-Reserve. (In Russian).

Semenov, A. A. (1989). *Nadpisi na nadgrobnykh Timura i ego potomkov v Gur-i Emire* [Inscriptions on the Tombstones of Timur and His Descendants in Gur-i Amir]. In B. T. Tuiakbaeva, *Epigraficheskii dekor arkhitekturnogo kompleksa Akhmeda Iasavi* [Epigraphic Decoration of the Architectural Complex of Ahmed Yasawi] (p. 35). Alma-Ata. (In Russian).

Tuiakbaev, M. (2000a). *Türkistanda zherlengen tarikhi tulğalar* [Historical Figures Buried in Turkestan]. Almaty. (In Kazakh).

Tuiakbaev, M. (2000b). *Qozha Akhmet Iasavi kesenesinde zherlengen «Mūkhammad ūrpaqtarı»* [Descendants of Muhammad Buried in the Mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi]. In *Türkistan syrlary* [Secrets of Turkestan] (p. 61). Almaty. (In Kazakh).

Ulozhenie Timura [Code of Timur]. (1904/1992). In *Tamerlan: Epokha. Lichnost'. Deianiia* [Tamerlane: Epoch. Personality. Deeds] (pp. 110–298). Moscow. (In Russian).

Yakubovskii, A. Yu. (1946/1992). *Timur* [Timur]. In *Voprosy istorii* [Questions of History], 8–9. Reprinted in *Tamerlan: Epokha. Lichnost'. Deianiia* [Tamerlane: Epoch. Personality. Deeds]. Moscow. (In Russian).

Авторлар туралы мәлімет:

Марат Тұяқбаев – «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы. Археолог. 161200. Әйтеке би 1 б. Қазақстан Республикасы, Түркістан қаласы.

Нұржан Таджибаев – «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы. Реставратор. 161200. Әйтеке би 1 б. Қазақстан Республикасы, Түркістан қаласы. e-mail: nurzhan-16@mail.ru

Information about the authors:

Marat Tuiakbayev – Archaeologist, Azret Sultan National Historical and Cultural Museum-Reserve. 1 Aiteke Bi Street, Turkistan 161200, Republic of Kazakhstan.

Nurzhan Tadzhibayev – Restorer, Azret Sultan National Historical and Cultural Museum-Reserve. 1 Aiteke Bi Street, Turkistan 161200, Republic of Kazakhstan. E-mail: nurzhan-16@mail.ru

Сведения об авторах:

Марат Туяқбаев – археолог Национального историко-культурного музея-заповедника «Азрет Султан». 161200, Республика Казахстан, г. Туркестан, ул. Айтеке би, 1.

Нұржан Таджибаев – реставратор Национального историко-культурного музея-заповедника «Азрет Султан». 161200, Республика Казахстан, г. Туркестан, ул. Айтеке би, 1. E-mail: nurzhan-16@mail.ru